Бірегей жобаға білікті маман қажет

2

Елдіктің ертеңі – еңбекте

3

Саф өнердің алтын сандығы

8

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ №13 (23 189) 2 АҚПАН, БЕЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

DIGITAL KAZAKHSTAN

Цифрландыру қарқыны артты

Цифрландыру ел экономикасын дамыту мен халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға арналған үдеріс. Қоғам үшін өзекті болып отырған тетікті іске асыруда кенді аймақ көшбасшылар үштігінің қатарында.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешенді бастамалар қарқынды жүзеге асуда. Әрі өзінің тиімділігін көрсетіп, еңбек өнімділігін арттыруға зор ықпалын тигізуде. Ағымдағы жылы да бірқатар электронды қызметтер қолжетімді болады. Аймақтағы IT саланың дамуы туралы ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Рустам Байжанов баяндап берген болатын.

Цифрландырудың жетістігі геоақпараттық порталда жер учаскесін беру үрдісі ашық бола бастады. Порталда жер учаскесін белгілеу және өзгерту, жоспарлауды жүзеге асырумен қатар, инженерлік желілер картасы туралы да мағлұматтар алуға болады. Тиімдісі заңды және жеке тұлғалар бос жерлер туралы мәліметтер ала алады. Порталда бәрі ЭЦҚ арқылы жүзеге асады. Яғни деректердің қауіпсіздігі сақталған. Алдағы уақытта қосымша ақпараттармен толықтырылмақ.

«Қауіпсіз қала» жобасыда цифрландырудың көрсеткіші. Нәтижесінде Қарағанды, Теміртау, Саран, Осакаровка кенттерінде 2812 бейнебақылау камерасы және 50 жол жүру ережесін бұзушылықтарды тіркеу камерасы орнатылды. Сонымен қатар, Балқаш, Шахтинск, Абай және Теміртауда жеке бейнебақылау жүйелері болды. Жалпы платформаға 700-ге жуық камера қайта қосылды. Алдағы жылдары 1000-нан астам көше бейнекамералары мен 100 жол қозғалысы қауіпсіздігі кешенін орнату жоспарлануда. Полицияның мәліметінше, «Қауіпсіз қала» жобасының арқасында жол-көлік оқиғаларының саны 12,7%-ға азайды.

Мемлекеттік құрылымдар мен коммуналдық қызметтердің жұмысына шағымдану, құрылыс, медицина, білім беру және басқа да бағыттар бойынша сұрақ қою үшін бүкіл Қарағанды облысының тұрғындары Senim109 Бірыңғай үйлестіру орталығына қоңырау шалады. Жұмыс барысында қызметке 470 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Өткен жылдың өзінде 90 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Тұрғындардың басым көпшілігі қар тазалау, аула аумақтарын абаттандыру мен жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелерімен хабарласады.

Цифрландыруда интернеттің маңызы зор. Өткен жылы аймақтағы 39 елді мекенде интернет желісі жаңғыртылды. Ақтоғай ауданының Нарманбет, Қошқар, Ақжарық, Қарқаралы ауданының Көктас ауылдарының тұрғындарында ұялы байланыс сапасына қатысты проблемалар болған, кейіннен оларда төртінші буын кең жолақты интернет қосылды. Алайда, 14 мыңға жуық адам тұратын 100-ден астам елді мекен әлі де байланыссыз қалып отыр. Алдағы екі жылда интернетті 250 адамнан аз халқы бар 27 ауылға өткізу жоспарлануда.

– Бір жыл ішінде үш мыңнан астам қарағандылықтар «Террикон алқабы» өңірлік IT-хабы ұйымдастырған IT және Digital салаларының өкілдері үшін 150 іс-шараға қатысты. Стартаперлерге арналған инкубатор және бизнесі бар адамдарға арналған акселерация жүйелері бойынша оқыту жалғасуда. Хабта Mining day технологиялық марафоны өтті. Ол 40-тан астам IT-компаниялардың өкілдерін жинады. Жеңімпаздар өнеркәсіптік кәсіпорындармен жұмыс істеуге келісімшарттар алды. Биыл біз ерте кезеңдегі жобаларға инвестиция салу, хаб пен мектеп кеңістігін кеңейту үшін венчурлық қор құруды жоспарлап отырмыз. Танымал бағыттар бойынша курстарды бастау үшін R&D-орталығы мен подкаст студиясын ашқымыз келеді, – деп жоспарларымен бөлісті ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Рустам Байжанов.

● ӨЗЕКТІ

Тарифті инвестицияға айырбастау тиімді ме?

Екібастұз қатып қалмағанда елдегі жылу электр орталықтарының жайы әлі де жабулы қазан жабуымен қалар ма еді, қайтер еді? Еліміздегі жылу энергетикасындағы апаттар біраз ақиқаттың бетін ашты. Енді қаннен-қаперсіз қол қусырып отыру – қисынсыз. Оның соңы ауыр салдарға апаратынын биліктің де, бұқараның да іші сезеді. Салынғанына жарты ғасыр, тіпті, жетпіс, сексен жыл болған. Моральдық әрі техникалық жағынан әбден қалжыраған, қажыған. Әйтеуір терісін сүйретіп, «шықпа, жаным, шықпамен» келе жатқаны өтірік емес. Теміртаудың соңғы жылдарда тісі-тісіне тимей қалтырауы соның бір дәлелі.

Энергетика министрлігінің талдауы елдегі энергетика жүйесінің 60 пайызы тозғанын көрсетті. Кей өңірлерде, тіпті, ол 80 пайыз шамасында. Оңтүстік секілді күні жиі күлген өңір емес, қысы қатал Арқада жылу орталығы сыр берсе, мұз дәуірінің орнауы көзді ашып-жұмғанша. Ал, қысы қытымыр Қарағанды облысында жылу энергетикасының 50-70 пайызы тозып тұр.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

3-бет

● БІЛІМ

Академиялық дербестіктің мүмкіндігі мол

Тігінші мамандығында оқып, колледж бітірген түлек тігін фабрикасына келгенде үстелдің қай жағына отыратынын, тіпті, жұмыстың қалай істелетінін білмеген. Бұл колледждердегі оқу бағдарламасының, құрал-жабдықтардың ескіргенін, мұғалімдердің біліктілігінің талапқа сай еместігін, студенттердің жауапсыздығынан хабар береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесуінде еліміздегі ірі компаниялардың колледждер мен университеттерді өз қамқорлығына алуы туралы ұсыныс айтқан болатын. Бүгінде бұл іс жолға қойылғандай. Облыстағы білім басқармасының мәліметінше, өңірдегі 32 колледжді 59 кәсіпорын алған. Тек бұл ғана емес, оқу жылының басында колледждерге академиялық дербестік берілді, яғни оқу бағдарламасы өңірлік кәсіпорындармен бірлесе жасалады. Біз бүгін осы мәселеге үңілдік.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



5-бет

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Әлеуметтік кодекстен не күтеміз?

Кез келген мемлекеттің жетістігі, халқының әл-ауқаты, тұрмыс жағдайымен өлшенетіні анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халықты сапалы өмірмен қамту мен әл-ауқатын жақсарту – мемлекеттің басты міндеті. Бұл сөздерді шынайы іске айналдыру қажет. Халықтың табысы экономикамен қатар өсуі керек. Бұл өзгермейтін аксиома біздің жағдайымызда жұмыс істемей тұр» деген еді. Осыларды пайымдай келіп, «Әлеуметтік кодекс» жобасын қабылдауды тапсырған болатын.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай елімізде халықтың мүддесіне қызмет ететін бірнеше заңдардың басын қосып, «Әлеуметтік кодекс» жобасы қабылданды. Кодекс жобасы 5 бөлімнен, 19 тараудан және 267 баптан тұрады. Мұнда тек халықтың әл-ауқаты ғана емес, олардың заңдық тұрғыда өз мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыруы да ескерілген. Сонымен қатар, кодекс жалпы халық түсінетіндей жазылуы керек деген талап та қойылған болатын.

Кодексте отбасыларға жасалатын қолдауды арттыру мәселесі көзделген. Ұлттық қордың инвестициялық кірісінен түсетін қаржыны да отбасы қажеттілігіне жұмсау қамтылды. Әрі мемлекеттің негізгі қозғаушы факторы болып отырған отбасы құндылығын жетілдіру әрі қолдау мақсатында жыл басынан бері ілкімді шаралар жүзеге асты.

4-бет

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жаңа әуе рейсі

Бертінде ғана облыс дәрежесін алған Ұлытаудың орталығы Жезқазған қаласы және Қарағанды арасында жаңа әуе жолы ашылады. Qazaq Air әуе компаниясы 6 ақпаннан бастап дүйсенбі, бейсенбі, жұма және жексенбі күндері қалааралық жаңа әуе қозғалысын іске қоспақ.

Бір бағыттағы билет құны – 10 000 теңге. Бұл соманың ішіне 5 кг-ға дейінгі жеңіл жүк пен 20 кг-ға дейінгі жүкті тасымалдау да кіреді.14 жасқа дейінгі балаларға 50% жеңілдікпен – 5000 теңге. Авиамаршрут республикалық бюджеттен субсидияланады.

Жезқазған мен Қарағанды арасындағы әуе қозғалысын канадалық de-Havilland Dash 8-Q400 әуе кемесі жүзеге асырады.

Билеттерді flyqazaq.com ресми сайты немесе әуе компаниясының сату кеңселерінен алуға болады.

Өз тілшімізден

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 498.69 ●**USD/KZT** 460.51 ●**RUB/KZT** 6.53 ●**CNY/KZT** 68.18

Қазақстан Ұлттық Банкінің 1 ақпан, 2023 жылғы дерегі бойынша

Ел бойынша алғашқы бестікте

Аймақтағы шағын және орта бизнесті дамытудағы мәселелер сейсенбі күні облыс әкімдігінде өткен жиында талқыға түсті. Қалыптасқан ахуал туралы ашық әңгіме қозғалды. Дегенмен, айта кету керек, Қарағанды облысы бизнесті жүргізуге жасалған қолдаулар рейтингінде еліміздегі өңірлер арасында алғашқы бестікке кірді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев атап өткендей, көрсеткіш көңіл қуантқанымен, атқарылар жұмыс көлемі әлі де ауқымды.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шағын және орта бизнестің облыс экономикасындағы үлесі – қомақты.

– Бұл секторда облыстың жұмыспен қамтылған халқының 40 пайыздан астамы еңбек етеді. Былтыр бес мыңнан астам компания мемлекеттік қолдау шараларын пайдаланды. Біз бастамашылық еткен «Кәсіпкер» өңірлік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бизнес үшін айрықша көмек болды. Бағдарлама сұранысын ескере отырып, биыл несие портфелін үш есеге арттыруды жоспарлап отырмыз. Міндетіміз – болашақта экономиканың өсу нүктесіне айналатын 4,5 мыңға жуық бизнес жобасын қаржыландыру, – деді аймақ басшысы жиынның басында.

Үздік бестіктегі орын – облыста тиімді жүргізілген жұмыстың жемісі. Қол жеткен жетістікке тоқмейілсуге және болмайды. Бизнес үшін қолайлы орта құру қажетті тетіктер қарқынды енгізіле бермек.

Мәселен, биыл іске қосылатын геоақпараттық портал – кәсіпкерлер көптен бері сұрап жүрген қызметтер қатарынан. Жаңа жүйе жер учаскелерін алуда ашықтықты қамтамасыз етуімен ыңғайлы. Бастысы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алады. Облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Рустам Байжановтың мәлімдеуінше, ресімдеу мерзімі қысқарады. «Геопорталдың арқасында жер учаскелерін оңай әрі жедел ресімдеуге болады», – дейді басқарма басшысы. Жүйені автоматтандыру үшін бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрымен және электрондық үкімет порталымен интеграция жасалған. Әрине, кәсіпкерлердің тілектері де ескеріліп, олар да цифрлық құралды барынша ыңғайлы ету бойынша құнды ұсыныстар берген.

Кездесуде көтерілген маңызды мәселе электр энергиясының тарифіне қатысты болды. Кәсіпкер Николай Абттың айтуынша, тариф есептеуде заңды тұлғалардың мүмкіндіктері ескерілмей отыр. Яғни, барлық нысанға тариф бірдей қойылған. Әкім бұл мәселені шешуде Энергетика министрлігімен жұмыстар жалғасатынын айтты.

Туризм саласындағы қордаланған проблема да қаралды. Кәсіпкер Жазира Жанкина жол бойы инфрақұрылымының ақсап тұрғанын ортаға салды.

– Қарапайым мысал – бізге шетелдік туристерден Қазақстанның киелі жерлерінің картасына енген орындарға бару туралы сұраныс жиі түседі. Алайда, Қарағанды облысында жер шалғайлығы сіздерге белгілі, жол бойында адам үшін қажетті қызметтер қарастырылмаған. Дәмхана, дәретхана, демалыс орындары деген сияқты. Бұл проблема баршамызға ертеден аян. Осы мәселені біржақты шешетін уақыт жетті, – деді кәсіпкер. Сондай-ақ, туризм саласының қызметкерлерін даярлауға маманданған оқу ордаларының түлектерінің көп жағдайда білімі кем түсіп жататынын жасырмады.

Осы жерде жұмысшы кадрлардың жетіспеушілігі, грант қаражатына білім алған техникалық мамандардың мамандығына сәйкес жұмыс істеуін бақылау тетіктері пысықталды. Абай тігін фабрикасының директоры Нұрхан Жұмабеков те тігінші табуда қиындық барын атап өтті.

– Мен қазір бес жүз адамға жұмыс беруге дайынмын. Былтыр Қарағанды колледждерін 50 тігінші тәмамдады. Бірақ, соның 4-уі ғана жұмысқа келді. Тағы бір өзекті мәселе, қазір фабрикада сексеннен астам адам жұмыс істейді. Тағы да кеңейтер едім. Ол үшін қаржы керек. Осы тұста банктерден несие алу күрделілігі қол байлап тұр. Фабрикамды кепілге қойсам, банктер 30-40 млн. теңге несие бермекші. Бағалау нәтижесі 500 миллион теңгені көрсеткен, келіспейтінім анық. Осы мәселеде де көмек қажет, – деді кәсіпкер.

Кеңес түйінінде әкім кез келген мәселенің назарсыз қалмайтынын айтты. Тиісті құзырлы органдарға тапсырма берді.

– Сіздердің барлық сұрақтарыңызды бақылауға аламын. Кадрларды даярлау және туризмді дамыту бойынша жеке жиындар өткіземіз. Сараптамалық кеңес форматында үнемі кездесіп тұратын боламыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ANTIKOR

Кәсіпкер құқығы қорғалады

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) кәсіпкерлер құқығын қорғауға бағытталған «Бизнеске жол» жобасын іске қосты.

Жобаның мақсаты – кәсіпкерлерге құжаттарды ресімдеу кезінде әкімшілік кедергілерді, әуре-сарсаңды еңсеруге көмектесу, мемлекеттік қызметшілер қабылдайтын шешімдердің мерзімі мен ашықтығын сақтауды қамтамасыз ету.

«Кәсіпкерлер жерді ресімдеу, сәулет және басқа да бақылаушы органдардан рұқсат алу, коммуникацияларды қосу, сондай-ақ, түрлі мемлекеттік қолдау шараларын (кредиттер, гранттар, субсидиялар) алу кезінде кездесетін нақты проблемаларды шешумен айналысатын боламыз», – делінген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі хабарламасында.

Құқығы бұзылған қарағандылық кәсіпкерлер Әлиханов көш. 12 үй «ANTIKORORTALYGY» мекенжайы бойынша немесе «Бизнеске жол» телеграмм арнасына жүгіне алады.

Өз тілшімізден

● ҚҰҚЫҚ

Әуежайға айыппұл салынды

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жүргізген терген-тексеру нәтижелері бойынша «Сары-Арқа» әуежайы» АҚ-на қатысты 2018-2019 жылдары ішкі әуе желілері бойынша авиаЖЖМ-ге монополиялық жоғары баға белгілеу анықталып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды.

«Қарағанды қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қаулысымен «Сары-Арқа» әуежайы» АҚ әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 50 240 000 (елу миллион екі жүз қырық мың) теңге мөлшерінде монополиялық табысы тәркіленіп, 31 104 912 (отыз бір миллион бір жүз төрт мың тоғыз жүз он екі) теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды», делінген ведомство хабарламасында.

Сот қаулысы заңды түрде күшіне енген соң әуежай 50 240 000 (елу миллион екі жүз қырық мың) теңге мөлшерінде монополиялық табысты төледі.

Мемлекет кірісіне жалпы сомасы 81 344 912 теңгеге айыппұл өндірілді.

Өз тілшімізден

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Қазандық қауіпсіздігі қаралды

Облыс бойынша дербес жылыту жүйелері мен қазандықтардан жылытылатын 302 білім беру мекемесі бар. Бүгінде мектеп қазандықтарының қауіпсіздігі назар аударатын мәселелердің бірі. Олардың қауіпсіздігі тұрақты тексеріледі. Себебі, мектеп жанындағы қазандықтардың көпшілігі 90-шы жылдары салынған. Ол уақытта мұндай жылыту жүйесі ғимараттардың мұздап қалмауын қамтамасыз етудің және балалардың жылы сыныптарда білім алуына мүмкіндік берудің жалғыз жолы болатын.

2009 жылы өрт қауіпсіздігі бойынша жаңа техникалық регламент қабылданды. Қазандықтар оқу орнынан 50 метр қашықтықта салына бастады. Соңғы бес жыл ішінде 73 қазандық жертөлелер мен ғимараттардан шығарылды. Бүгінде 147 мектептің қазандығы санитарлық нормалар мен ережелерді бұза отырып орналасқаны белгілі болды. Алдағы үш жылда 74 мектепте жағдайды түзету жоспарланып отыр.

Ендігі уақытта жаңа оқу орындарын салу кезінде заманауи және қауіпсіз қазандықтар қарастырылған.

– Барлық жаңа және ескі қазандықтарды қауіпсіздік, жарақтандыру деңгейіне және ықтимал тәуекелдердің бар-жоғын тексеру туралы шешім қабылданды. Комиссияға облыс әкімінің орынбасары, аудан әкімдері, ТЖД және энергетика және ТКШ басқармасының өкілдері кіреді. Біздің міндетіміз – нормативтерге сәйкес келмейтін қазандықтарды анықтау және шаралар қабылдау, – деп жазды білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова Facebook парақшасында.

Өз тілшімізден

● COVID-19

Коронавирус күшінде

1 ақпандағы дерек бойынша ел көлемінде 69 адамнан коронавирус, тағы үш адамнан коронавирусты пневмония анықталды. Одан тәулік бұрын 46 жағдай тіркелген болатын. Емделіп жатқандар санында да айтарлықтай өзгеріс жоқ. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 1 551 адам ем алуда. Оның 147-сі коронавирусты пневмониямен жатыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республика бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Күнделікті 100-ге жуық адамда індет анықталады. Былтыр жылдың басында ел тұтас «қызыл» аймақта болып еді. Тәулігіне 3 мыңға жуық адамның ауырғанын жазып едік сол кезде. Десе де, әлемде әлі де коронавирустан келетін қатер жоғары.

Әлемде пандемия басталғалы 675 217 937 жұқтыру фактісі тіркеліпті. Жазылғандары – 647 632 276 адам, қайтыс болғандары 6 762 458. Бұл кеше күнгі дерек. Ауырғандар мен қайтыс болғандар саны әлі де жоғары. Әсіресе, Қытайда. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының келтірген дерегі бойынша соңғы аптада әлемде коронавирустан қайтыс болған 40 мың адамның басым бөлігі Қытайда тіркелген.

Ұйым басшысы Тедрос Аданом Гебрейесус басқа инфекциялық ауруларға қарағанда COVID-19-дан болатын өлім-жітім санының жоғары екеніне алаңдаушылық білдірді. Алайда, бұл көрсеткіш былтырғы апта сайынғы 70 мың адамның қайтыс болған кезінен әлдеқайда жақсы екенін атады.

Оның айтуынша, былтыр қазан айында коронавирустан болған өлім-жітімнің ең төменгі көрсеткіші – аптасына 10 мың жағдай тіркелген еді. Сол уақытта коронавирус пандемиясы аяқталуға жақын деп мәлімдеген де болатын. Алайда, желтоқсаннан бастап індет қайта кәріне мінді. Күні бүгінге дейін әлемде қауіп бұлты сейілмей тұр. ДДҰ-ның төтенше жағдайлар бойынша комитеті коронавирустың таралуына байланысы әлемдік денсаулық сақтау жүйесіндегі төтенше жағдай режимін тағы үш айға созды. Жиын өткізген комитет коронавирустың «билігін» әлсірету үшін адамзат баласында жоғары иммунитет қалыптасуы керек. Солай болған күннің өзінде де әлімдік сарапшылар вирус адам баласымен қатар өмір сүре беретініне сенімді.

Бірегей жобаға білікті маман қажет

Анна Кенжебекова былтыр сәуірде Саран қаласының жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеп жүгінеді. «Іздегенге – сұраған». Ондағылар KamaTyresKz шина шығаратын зауыт жұмысқа мамандар қабылдайтынын хабарлап, техникалық бақылау бөлімінің инженер-технологы болып жұмыс істеуге ұсыныс білдіреді. Келісуін келіскенімен, ол жұмысқа әлі үйрену де қажет еді. Өтініш жазылып, қол қойылған соң Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінде үш апта бойы біліктілік арттырады...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Маған маман ретінде Саран колледжінде білім алу жеткіліксіз болды. Әлі есімде, былтыр 18 мамырда Татарстан Республикасы Нижнекамск қаласына тағылымдамадан өту және оқыту, жаңа білім мен мүмкіндіктер алу үшін жұмыс істеп тұрған шина зауытына болашақ әріптестеріммен бірге бардым. Резеңкеден сапалы дөңгелек шинасын жасап шығару сіз ойлағандай оңай іс емес екен. Біз ол жерде шина өндірудің күрделі үдерісін меңгердік. Құжат дайындай білу де – заман талабы. Оқу барысында практикалық дағдыларға ие болдық. Сапар шеккен – бір ғанибет. Зауытта жұмыс істейтін адамдармен араласа жүріп, өмірлік тәжірибе жинақтадық. Желтоқсан айынан бастап зауыттың толыққанды қызметкерімін. Бүгінде технологиялық нұсқаулықтарды әзірлеп, техникалық құжаттамамен жұмыс істеп жүрмін. Құрылғыларды іске қосу-реттеу жұмыстарына қатысамыз. Жақын болашақта бай ассортиментте сапалы өнім шығару үшін барымызды саламыз, – дейді Анна Николаевна.

Жаңа өндіріс нысаны алдымен отандық автоөнеркәсіп пен автокөлік иелерінің сұранысын өтеп, содан кейін экспортқа шығады. Қазір кәсіпорында жабдықтарды дайындау және білікті кадрларды оқыту қарқынды жүріп жатыр. Бос орындарға үміткерлерді де күтуде.

– Мамандарды даярлау келесі формат бойынша жүргізіледі, – деп түсіндіреді компания өкілі В.Дедов. – Үміткерлердің барлығы дерлік бастапқы кезеңде Саран жоғары техникалық колледжінің базасында оқытылады. Мамандыққа байланысты оқыту кезеңі үш аптадан бір жарым айға дейін созылуы да бек мүмкін. Осы кезеңде олар мамандар ретінде емес, көмекші жұмысшылар ретінде жалақы алады. Оқуы аяқталғаннан кейін біз оларды Татарстандағы Нижнекамскіге жібереміз. Онда олар өндірістік практикадан өтеді, емтихан тапсырады, біліктілігін растайды. Келем деушілерге есігіміз ашық!

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Елдіктің ертеңі – еңбекте

«Біздің ұрпаққа берген тәрбиеміз – күнделікті күйбең тірлігіміз» деп бастады әңгімесін «Ютария ltd» ЖШС Қарағанды филиалының тігіншісі Раушан Ғазиз. Моңғолияның Баян-Өлгей аймағындағы қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген қазақ қызының тағдыры тал бесіктен еңбекпен өрілген. Қазақтың «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» тәмсілі дәл осы әулетке арналғандай-ақ…

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

АТАЖҰРТТЫҢ АЛАҚАНЫ ӘРҚАШАН АШЫҚ

2011 жылы Атамекенге ағайын, апа-сіңлілердің қасына оралғалы тірліктің тіреуіші түзелгенін алға тартады біз сөз еткелі отырған еңбек адамы.

Елге оралған соң отбасының бес мүшесіне 200 мыңнан тиген Үкіметтен бөлінген қаражат 1 млн. теңгені құрап үй салуға сеп болған. Үйдің іргетасы қала маңындағы Байқадам ауылында қаланды. Ағайын келсе аузынан жырып, жыртығын жамар қазақтай дархан ел бар ма?! Көрші-қолаң қолдау білдіріп етек-жең жиғанша қарайласқанын Раушан өзі де ыстық ықыласпен тілге тиек етеді. Осында келіп тағы екі құлыншағы дүние есігін ашқан. Отбасы кеңейген соң отағасы кәсіп ашуды көздейді. Байқадам – ауылдық жер, ал, Раушанның жолдасы – еңбекқор шаруа. Бесіктен белі шықпай мал кәсібіне араласқан жігіт ағасына «Атамекен» бағдарламасымен екі-үш сиыр алып мал шаруашылығымен айналысу аса қатты қиындық тудырмады. Раушан сол сиырлардың сүтінен ірімшік, құрт, май, қаймақ тартып кәсіпті бастап кетті. Нағыз қазақы дәм ширкін ұлт таңдамай жағады емес пе?! Көрші-қолаңнан бастап алыс-жақын таныстардан жарнама тарап, қала жұртшылығына дейін сұраныс салады. Раушанның май-қаймағын арнайы хабарласып сатып алатындар қатары күн санап арта бастайды.

Расында, кімге де болмасын туған өлкесі, кіндік қаны тамған мекені қымбат. Раушанның әпкесі, яғни, әкесінің қарындасы Моңғолияда бір тыным таппай атажұртты аңсап өтті. Кешегі қызыл әскер құрсауынан қашып шекара асқан тектілердің тұяғы – Раушан. Әпкесі Зағипа Селімбайқызы бала кезде құдаланып бара жатып, жаяулап-жалпылап кешіп өткен Зайсан көлін аңсайды. Тарбағатайдың талды нуының иісін қана бір иіскесем деп өтті өмірден. Кезінде Қазақстаннан Моңғолияға әскери борышын өтемекке барған сарбаздарға да барып, ағайын-туыстың балалары болып қалады-ау деген үмітін үкілеп баққан көрінеді. Асыл аналардың асқақ арманы енді орындалғандай. Ұрпақтары – үйірге қайта қосылған құландай шұрқырасып табысып жатыр. Осылайша алақаны ашық атажұрт бір кездегі Алаш баласын алаламастан бауырына басты.

«ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП КӘСІПОРЫН ҚАМҚОРЛЫҒЫ ДЕП БІЛЕМІН»

– Моңғолияға кезінде көшкен көне қазақтың ұрпағы болғандықтан, бізде тәрбие бөлектеу көрінді. Қыз балалар ес білген соң алдымен өз бұрымын өзі өріп, кейін кесте тігіп үйренуі керек. Бұл – күнделікті таңертең тұрып, беті-қол жуған секілді қарапайым іс. Қыз балаға алдымен кесте тігуді, ұршық иіріп, киіз басуды, тамақ жайын қамдауды тәрбиемен сіңіреді. Ал, ұл перзентті мал жайына қамдайды. Мал союға, оны жіліктеп, мүшелеуге, атқа мінуге, қайыстан қамшы өруге баулиды. Мен не үйренсем әжемнен үйрендім. Сол кісінің тәлімінен түледім. Қазақстанға келген соң да үйдегі шаруашылықтан қолым қалт еткенде ине сабақтап, балаларға оны-мұны жамап, тігіп беріп жүрдім. Кейін Байқадам ауыл әкімінен қаламызда тігін орталығы ашылды дегенді естіп, жұмысқа орналастым.

Әуелде жаңа машиналардың о жақ, бұ жағынан ойқастап осқырғанымызбен, осындағы әріптестер көмегімен тігіп бастап кеттік. Екі жыл болды мінекей, таңертең сиыр сауып, сүт тартып болған соң сегізде жұмысыма асығамын. Қойылған талап пен тәртіптің арқасында беске дейін істеп кешкі сауынға да үлгеремін. Компанияның қарамағындағыларға қойған талабы бұл қамқорлықтан деп білемін. Өйткені, тәртіп бар жерде жұмыс жүреді. Жұмыс жүрсе алар айлық та бар. Айлығымыз жақсы, ең бастысы жұмысымыз тұрақты. Әрі жыл сайынғы берілген тапсырманы да уақытылы атқарып жатырмыз. Мысалы, осы «Ютария ltd» ЖШС-нің қарағандылық филиалының өзінің жеке жобалық қуаты жылына 360 мыңды құрайды. Бұл дегеніміз жұмыскерлердің қыстық, күздік киімдері, бас киім қолғапқа дейін осында тігіледі деген сөз. Мұндай ірі кәсіпорынның құпиясы да дәл осы талапқа сай жұмыс істеп, ортақ ережеге бағыну. Жалпы компания өз қызметкерлеріне жағдайды толық жасады деп айта аламыз. Мысалы боранды күндері қызметкерлеріне қарайласады. Көлік жіберіп жұмысқа жетуімізді де қамтамасыз етеді. Осының бәрі еңбектің жеңілдеуі ғой. Біздің жақсы өмір сүруіміз еңбектің арқасы. Еңбек етсек және ол еңбекті сүйіп жасасақ, отбасымыз аман болса, бақ та бақыт та сол, – дейді Раушан тігінші.

Жастайынан ине сабақтап кесте тіккен сүйіктей саусақтар «Ютария» секілді ірі компанияның бір мүшесі болуға сеп болады. Бүгінде ірі кәсіпорынның жаңа заманауи тігін машиналарына тігінші қолы жатырқамастан жайғасты. Бұл жерде кеншілер мен басқа да еңбек адамдарына тапсырысқа байланысты қыстық, күздік арнайы киімдерді тігуді жетік меңгерген десек артық емес. Оның үстіне қазіргі таңда компанияда заманға сай автоматтандырылған, өнеркәсіптік және арнайы тігін машиналары, компьютерлік бағдарламалармен толық қамтылған пішу, кестелеу құрал-жабдықтары да орнатылған. Раушанның айтуынша, бұл тұрғыда «Ютария ltd» компаниялар тобының басшысы әрі құрылтайшысы Сәуле Шәуенованың еңбегі ерен. Еліміздің бірегей кәсіпорындарының бірі «Қазақмыс» корпорация сияқты азулы өндіріс ордасымен байланыс ортанып, ортақ іс жүргізу – расында екінің бірі, егіздің сыңарына қол емес. Саптағы сарбазының есімін білген кешегі Наполеондай бұл жерде де басшылықтың басты міндеті – әр қызметкерді қамқорлығына алу. Талапқа бағындыру, айлыққа зарықтыру емес керісінше, жаңадан оқытып, алған ілімінен пайда табуға баулу. Атқарған қызметін, сіңген еңбегін елеп арқаландыру, міне, бұл – «Ютария ltd» ЖШС-нің бүгінгі таңдағы басты мақсаты.

ТІЛГЕ ДЕ ТИСІН ПАЙДАМЫЗ

– Алғашында таза қазақы болған соң ба, орысша түсінбей, керек мекенжайға жете алмай, өткен-кеткенге орысша түсіндіре алмай біраз әуре болдық. Кейін ыммен, жыммен әйтеуір, сіңісіп үйреністік. Бізде қалада көп жерде екі қазақ орысша сөйлеседі. Бұл – меніңше қате. Айтылмаған мәселе емес болса да, қазақы тіл де тал бесіктен. Өз тілін білген жанға өзге тіл де жеңіл жатталады екен. Оны өзімізден білемін. Әке-шешеміз әлі сол Баян-Өлгейде тұрады. Жастарына байланысты тұрғылықты мекен өзгерту ол кісілерге қиындау болды. Ол жақта қазір таза моңғолша сөйлеу керек деген талап енгізіліп жатыр. Бұрын біз оқыған уақытта қазақша мектептер болған-ды. Қазір қыспақ бар. Ал, біздің Қазақстанда ана тілімізге жағдай жасалған ғой. Тіліміз – өте бай әрі ең әдемі. Біздің кейбір сөздерді тіпті, кәдімгі ауыл қазақтары да қайталап сұрап түсінбей жатады. Біз бөтен елдің тілінде сөйлемейміз. Не десек те, ол – біздің көне қазақы тіл, – деп тағы бір мәйекті мәселенің басын шалды Раушан Ғазизқызы.

Расында, таза қазақы тілдің кей сөздерін жаттап күнделікті қолданғанның сөкеттігі жоқ. Онсыз да оңтүстік пен батыстың «өләсі» мен «шлиі» тау асып, топырақ жаңғыртқан жоқ па?! Қазір заманауи тілмен «тренд». Оның орнына қазақылықтың иісі аңқыған тәрбиелі сөздер енсе бұл да бір мәдениеттің байығаны болар еді-ау…

КӘСІПТЕН НӘСІП ТАБУҒА ТАЛПЫНАЙЫҚ

Республикада жеңіл өнеркәсіп үшін кәсіби кадрлардың, оның ішінде жұмысшы ғана емес, сонымен қатар, технологтар, конструкторлар, инженерлер, дизайнерлер секілді инженерлік-техникалық қызметкерлер тапшылығы бар. Осындай маман қаттығын шешу мақсатында компанияда дуальды оқыту жүйесі іске қосылған. «Ютария ltd» компаниялар тобының өнеркәсіптік объектілерінде «Еңбек» бағдарламасы және «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламасымен кадрларды қайта даярлау бойынша аккредиттелген оқу орталықтары бар.

«Ютария ltd» кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында өңірлердің жұмыспен қамту орталықтары, қала мен жақын маңдағы кенттердің әкімдіктері арқылы, колледждермен, кәсіптік-техникалық мектептермен, университеттермен кадрларды оқыту бойынша жұмысты жолға қойған.

Расында, «Ютария» атауын тек тігінмен ғана байланыстыру қате. Сапа, денсаулық һәм оған жұмыспен қамтуды қосыңыз. Ашылғанына небәрі екі жыл болса да, қарағандылық тігін цехына бірнеше түлек қабылданған. Қазіргі таңда қолы бос қыз-келіншектерге таптырмас мүмкіндік дәл осы «Ютария ltd» ЖШС-нің маңайында. Тіпті, тігіннен хабары жоқ қарапайым нәзік жандылардың да осында тіркеліп, оқып, ірі компанияның бір мүшесі болуына жол ашық.

Тағы да айта кетейік «Ютария» атауы тек сапаға ғана емес қоғамдағы кадр тапшылығы мен жұмыссыздықты жою мақсатында да елге едәуір пайда тигізіп отырған бірегей кәсіпорын.

Суретті түсірген **автор.**

№23

● МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Аңсаған сәбилер көбейеді

Экстракорпоральды ұрықтандыру қымбат процедураларға жататыны белгілі. Бір ем-шара құны 1,227 млн. теңгеге дейін жетеді. Облыс бойынша медициналық сақтандыру қоры биылдыққа құны осынша болатын 403 квота ұсынып отыр. Бұл үшін қор қаражатынан 373,8 млн. теңге жоспарлаған.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс тұрғындары ЭҚҰ-мен айналысатын кез келген республикалық клиниканы таңдай алады. Аймақта аталған процедураларды «Ақжан» клиникасынан өтуге болады. Ол осымен үшінші жыл «Аңсаған сәби» бағдарламасына қатысып келеді. Мұнда ерлер белсіздігі мен әйелдер бедеулігі, бастапқы және қайталама бедеулік, жатыр түтігі, эндокриндік және иммундық факторлардан, эякуляцияның бұзылуы себебінен болатын белсіздік пен бедеулік түрлері емделеді. Оған Қарағанды облысы ғана емес, республиканың басқа өңірлерінен де келетіндер бар.

Мәселен, былтыр ерлі-зайыпты Дәурен мен Әлия (есімдері өзгертілген) «Ақжан» клиникасын таңдапты. Олар жеті жылдан бері сәби сүйе алмай жүр. Соңғы бес жыл бойы ем қабылдаған. Осында 31 жастағы ер адамға азооспермия «ұрық сұйықтығында сперматозоидтардың болмауы) диагнозы қойылды. Клиника дәрігерлері оларға «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында «ЭКО/ИКСИ» көмекші репродуктивті технология бағдарламасын ұсынған. – Әйеліндегі суперовуляцияны ынталандырғаннан кейін, әйел жұмыртқасы пункциясы жасалған күні күйеуіне де аталық бездің биопсиясы жасалды. Одан кейін ИКСИ әдісімен ұрықтандыру (сперматозоид жұмыртқаға жасанды түрде енгізіледі) жүзеге асырылды. Нәтижесінде сапалы 2 эмбрион алынды. Қазір ерлі-зайыптылар аңсаған сәбилерін күтуде, – дейді «Ақжан» клиникасы ЭҚҰ бөлімшесінің меңгерушісі Евгения Лапина.

Дәрігердің айтуынша, былтырғы жоспар уақытында жүзеге асты. – 40 пациент жүктілік бойынша есепке алынды. Жеті жұп бақытты ата-ана атанып, өмірге сегіз дені сау бала келді. Бұл бағдарламалардың түпкілікті нәтижелерін біз 2023 жылдың соңында білетін боламыз, – дейді ол.

Айта кетейік, былтыр Қарағанды облысына МӘМС шеңберінде 101 квота бөлінген болатын.

Тарифті инвестицияға айырбастау тиімді ме?

(Соңы. Басы 1-бетте)

ШАҚЫРЫМДАП ЖӨНДЕУДЕН ЖАҒДАЙ ТҮЗЕЛЕ МЕ?

Жылдар бойы жамаумен ғана күнелткен энергетиканың ел кешкен проблемасы Қарағандының да басында жоқ емес. Ресми мәліметтер аталған жүйелердің жағдайы жетісіп кете қоймағанын соңғы кезде жиі айтады.

Жалпы, кеншілер аймағында 7 жылу, әрі энергия өндіретін орталық бар. Осыдан елу-алпыс жыл бұрын салынған. Жарты ғасырдан астам уақыт жасап келе жатқан олар аз-маз қаржымен жаңарып кете қоймасы баяғыда белгілі болған. Миллиардтаған қаржы құйғанның өзінде жылына бірнеше шақырымы ғана жөнделеді.

Қарағандыны жылумен жабдықтаушы «Қарағанды-Теплотранзит» компаниясының жылу құбырының ұзындығы 450 шақырым. Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Арман Өтегеновтің айтуынша, компанияның шамасы оның жыл сайын 8 шақырымын ғана жөндеуге жетеді. Жылу құбырларының бүгінде 70 пайызының тозығы жеткен.

Жалпы елдегі энергетикалық дағдарысты шешу үшін Президент «Тарифті инвестицияға айырбастау» саясатын ұсынғаны белгілі. Ол саясат қажыған жүйені қалпына келтіруге тырысады.

– Осыған орай осы саладағы қауіпті ескере отырып, Мемлекет басшысы тапсырмасымен жаңа тарифтік саясатқа көшу жөнінде шаралар қабылдануда. Тарифті инвестицияға айырбастау тұжырымдамасын іске асыруға қатысты жұмыстар қолға алынады. Тұжырымдама жаңа инвестиялар тарту арқылы коммуналдық инфрақұрылымды жаңартуды көздейді.

Монополистердің инвестициялық бағдарламалары бар. Тариф те сол инвестиция құрамына кіреді. Алайда, тарифтің бірден өсуіне жол бермеу үшін олардың инвестициялық бағдарламаларын азайтамыз, – дейді Арман Өтегенов.

ТАРИФТЕРДІ КҮРТ ӨСІРУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Расында, жоғарыда айтқанымыздай, энергетика саласына инвестиция зор капиталды талап етеді. Ол үшін миллиардтаған қаржы қажет. Мәселен, жергілікті жылу электр орталығы тозуын жылына 2-3 пайызға кеміту үшін жылына 5-10 миллиард теңге инвестиция керек етеді.

«Қарағанды Су» он жыл ішінде сумен жабдықтауға 10 млрд.теңге инвестиция құяды. Бұл ретте тозуды 60 пайызға азайту көзделген.

Жартылай мемлекеттік компания «Қарағанды-Теплотранзит» болса, он жыл ішінде тариф есебінен 1,5 млрд.теңге инвестиция құю арқылы тозуды 2 пайызға ғана төмендете алады екен. Тарифті инвестицияға айырбастау тұжырымдамасы негізінде 2029 жылға дейін тозуды 15 пайызға төмендету жоспарда.

– Тариф арқылы инвестиция дегенде, оның күрт өсуі туралы түсінік қалыптасуы мүмкін. Бірақ кілт өсімге жол бермес үшін министрлікте пысықталуда. Мәселе әлі шешілген жоқ, – дейді Арман Өтегенов.

Дегенмен, тек тариф арқылы жүйе толық жаңара алмақ емес. Өзіміздің қарабайыр есебіміз солай дейді. Бір жылда қазіргі ахуалмен жылына 2-3 пайыз ғана жаңарғанда 20 жылда 40 әрі кетсе, 60 пайыз ғана жөнделеді екен. Яғни, монополистердің жүйені жаңартуды жеделдету үшін өзге де қадамдар жасауы тиістігі осыдан соң өз-өзінен көрініп-ақ тұр.

МОНОПОЛИСТКЕ МЕМЛЕКЕТ НЕНІ МІНДЕТТЕДІ?

Тұжырымдама монополистерді нақты көрсеткіштерге жетуге міндеттейді. Атап айтқанда, үздіксіз қамтамасыз ету сенімділік, сапалы қызмет, тозуды және ысырапты азайтуды жүктейді. Бұл орайда заңнамаға өзгерістер енеді.

– Мысалы апат деңгейіне әсер ететін мәселенің бірі – адам факторы. Яғни, жалақы. Ол бекітілген тарифтерде төмен. Осыған байланысты білікті кадрлардың жұмыстан кетуі байқалады. Бұрын жалақы өсімі жылына төрт пайыздан аспаса, қазір заңнама өзгерді. Енді жалақы статистикалық деректер деңгейіне көтеріледі. Айталық, өндірістік персоналдың жалақысы ЖЭО тарифі бойынша 154 мың, Шахтинск қаласында 115 мың. Статистикалық деректерде бұлар 266 және 181 мың теңге. Ал, «Қарағанды Суда» кәріз бойынша 150 мың, статистикада 213 мың теңге, – дейді департамент басшысы.

Бұған қоса, иесі жоқ желілер де проблема. Олар да егесіз болғандықтан жылдам тозады, ысыраптар орын алады. Бұдан былай әкімдік оларды монополист балансына береді деп күтілуде.

Негізі тарифті инвестицияға айырбастау саясаты жылу, жарық, суға да қатысты. Өйткені, бұл үштіктің ешқайсының қағанағы қарқ емес. Бұл саясат жедел іске аспаса, жағдай мәз еместігін жасырмайды құзырлы орындар. Оны жалпақ жұрттшылық та көріп, біліп отыр.

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Жердің де сұрауы бар

Жер – мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық негізін қалыптастыратын және шоғырландыратын Қазақстан халқының игілігі.

2022 жылы жер қатынастары басқармасының қызметі жерді мақсатты және ұтымды пайдалану мен оны қорғау мәселесін шешуге бағытталды.

2022 жылы Қарағанды облысының құрамынан Ұлытау, Жаңаарқа аудандарының, Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларының бөлінуі және олардың жаңа Ұлытау облысының құрамына енуіне байланысты облыстың жер ресурстарында елеулі өзгерістер болды. Осылайша облыс аумағы 18 миллион 894 мың гектарға азайып, 23 миллион 905 мың гектарды құрады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің ауданы 11 миллион 960 мың гектарды құрайды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша босалқы жер қорындағы жер көлемі – 6 миллион 95 мың гектар. Елді мекендердің жері – 3 миллион 262 мың гектар.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және басқа да ауыл шаруашылығына арналмаған жер 140 мың гектар.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер 403 мың гектарды құрады.

Орман қоры – 113 мың гектар, су қоры – 40 мың гектарды құрайды.

Облыста босалқы жер қорынан және пайдаланудан тыс қалған жерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту жұмыстары жылда жүргізіледі.

2022 жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірісін дамыту үшін аудан, қала әкімдіктерімен ауыл шаруашылығы айналымына босалқы жерлерден конкурстар арқылы жылдық жоспардағы 406 мың гектардың орнына нақты 585 мың га ауыл шаруашылығы жерлер тартылған, оның ішінде 28 мың га – егістік, 549 мың га – жайылым, 4 мың га – шабындық. Айналымға тартудың жылдық жоспары 144%-ға орындалды.

Бұл тұрғыда Ақтоғай, Қарқаралы, Нұра аудандарының әкімдіктері ауыл шаруашылығы айналымына тартумен белсенді айналысты, яғни бұл аудандар бойынша жоспардың орындалуы тиісінше 271,126,108 пайызды құрады.

Жер қатынастары басқармасы жер қойнауын пайдалану мақсатында 8 256 гектар жер беру туралы 43 қаулының жобасын дайындады.

Республикалық бюджетке аударуға жататын ауыл шаруашылығы шығындарының сомасы 150 420 932 теңгені құрайды.

Қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін беру бойынша 3 қаулы жобасы дайындалды.

Облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою және тексеру нәтижелерін қабылдау жөніндегі комиссияны құру бойынша 53 ұсынысы мен шешімдерінің жобасы дайындалды, олардың негізінде жергілікті жерге 53 іссапар жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына «Шарттық міндеттемелерді орындау міндеттемесі туралы»18 талап арыз берілді. Сондай-ақ, шарттық міндеттемелердің орындалмауына байланысты жер пайдаланушыларға 32 хабарлама жіберілді.

2022 жылы 662 Мемлекеттік қызмет көрсетілді, қызметтер уақытылы, ескертусіз көрсетілді.

Есепті жылы шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында 39 аукцион өткізілді, онда коммерциялық мақсатта ауданы 80 гектар 136 жер учаскесі сатылды. Аталған учаскелерден бюджетке түсетін түсім сомасы 678 202 680 теңгені құрады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктер бөлінісінде жеке тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жер учаскесін алуға жұмыс істеп тұрған кезекте тұрғандардың ашық бірыңғай тізіліміне енгізу бойынша жұмыс аяқталды.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген жер учаскелерін пайдалану ерекше бақылауда. Облыс бойынша жеке тұрғын үй құрылысы үшін азаматтарға есепті жылы 480 учаске берілді.

Облыс прокуратурасы бастамашылық еткен «Заң керуені» акциясы аясында басқарма қызметкерлері 2022 жылғы 20 қазан мен 9 желтоқсан аралығында жер қатынастары саласындағы халықтың проблемалық мәселелерін шешу үшін облыстың шалғайдағы ауылдық елді мекендеріне барды.

Сондай-ақ, 2022 жылы басқарма ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің шекті ең жоғары мөлшері бойынша ұсыныстар әзірледі, «Қарағанды облысының шекарасын өзгерту және Ұлытау облысының шекарасын белгілеу туралы» Үкімет қаулысының жобасы дайындалды.

Бұдан басқа, басқарма есепті жыл ішінде жерді игеру, жерді ұтымды пайдалану, жайылымдық жер, басқа да мәселелер бойынша облыстық және республикалық деңгейдегі телебағдарламаларға, онлайн – кездесулерге, брифингтерге қатысты.

2022 жылы облыста елді мекендерді жайылымдық жермен қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырылды.

Халыққа жайылымдық жер бөлу мәселесін шешу мақсатында 300 мың гектар аумақта бірлесіп пайдалану туралы меморандумдар жасалды.

Абай ауданында – 9 мың гектар, Бұқар жырау ауданында – 9 мың гектар, Қарқаралы ауданында – 141 мың гектар, Нұра ауданында – 111 мың гектар,Осакаров ауданында – 13 мың гектар, Шет ауданында – 17 мың гектар.

232 мың гектар аумақта жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жоспары негізінде шалғайдағы жайылымдар ұйымдастырылды.

Абай ауданында 49 мың гектар, Қарқаралы ауданында 183 мың гектар алаң бар.

Бұқар жырау ауданында халықтың жайылымға мұқтаждығын қанағаттандыру үшін 10 мың гектар жер алынды.

Халыққа мал басын жаю үшін 252 мың гектар жер ауылдық округ әкімдеріне уақытша өтеусіз пайдалануға берілді.

Абай ауданында – 9 мың гектар, Ақтоғай ауданында – 65 мың гектар, Бұқар жырау ауданында – 8 мың гектар, Нұра ауданында – 117 мың гектар, Шет ауданында – 53 мың гектар.

2 мың гектарға елді мекендердің шекарасын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілді. Абай ауданында – 1 мың гектарға, Осакаров ауданында – 400 гектарға, Балқаш қаласында – 800 гектарға.

АШЖБ дерекқорына тексеру жүргізу кезінде 1 миллион 617 мың гектар аумақта жеке ауладағы мал басы тіркелмеген.

Сонымен қатар, жер қатынастарын реттеу тек жер учаскелерін берумен шектелмейді.

Жерді тиімді және ұтымды пайдалану мақсатында жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің меншік иелері қолданыстағы жер заңнамасының барлық нормаларын сақтауы қажет.

Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану мақсатында жер пайдаланушылар топырақ құнарлылығының және жердің мелиорациялық жай-күйінің айтарлықтай төмендеуіне жол бермеуді қамтамасыз етуі қажет.

2022 жылы облыс бойынша мемлекет меншігіне 1 миллион 232 мың гектар пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер (*16,1 мың гектар – егістік, 1 миллион 200 мың гектар – жайылым*) қайтарылды.

Оның 1 миллион 71 мың гектары ерікті негізде, 29,7 мың гектары сот шешімі бойынша қайтарылды.

Облыс бойынша 2023 жылға арналған пайдаланылмайтын жерлерді алу жоспары 580,0 мың гектарды құрайды.

Бүгінгі таңда босалқы жерлердің басым бөлігін жайылымдық жерлер алып жатқанын назарға ала отырып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (жайылымды пайдаланушылар) «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын міндетті түрде сақтауы қажет.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023 жылға арналған жоспарлар облыстың, Ақтоғай ауданы мен Қарағанды қаласынан басқа, барлық өңірлерінде бекітілген. Осы бағыттағы жұмыстар аталған өңірлермен басталды.

Жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізгі шарты ауыл шаруашылығы жануарлары басының болуы, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің болуы және олардың жай-күйі болып табылады.

Қазіргі уақытта Бұқар жырау ауданында шалғайдағы жайылымдарды инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің пилоттық жобасы әзірленуде. Пилоттық жоба Белағаш, Көкпекті, Тоғызқұдық ауылдық округтерінде және Баймырза, Жаңаталап ауылдық округтерінде іске асырылатын болады.

Бұл пилоттық жоба суландыру құрылыстарын (ұңғымалар, құбырлы және шахталық құдықтар, қазандар), мал айдау трассаларын, мал тоқтайтын және суаратын алаңдарды, қошар мен қоршалған орындарды, ауыл шаруашылығы жануарларын айдап-бөліп жаюға арналған қашаларды, ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық өңдеуге арналған жармаларды, электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етуге арналған құрылыстар мен объектілерді орнатуды қамтиды, сумен жабдықтау объектілерімен, персоналдың маусымдық тұруына арналған құрылыстармен қамтамасыз етіледі.

Осакаров ауданында 2023 жылға Озерный, Сарыөзек және Қарағайлы ауылдық округтерінің шалғайдағы жайылымдарын қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жобасы көзделген.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының әрбір жер пайдаланушысының міндеті – жерді ұтымды және тиімді пайдалану болып табылатынын атап өтемін.

Дарын БҰЛҚАЙЫР,
облыстың жер қатынастары басқармасының басшысы

Құрылыс қашанда бақылауда

Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы облыс аумағында сәулет-құрылыс қызметі саласындағы қадағалау-бақылау органы және көрсетілетін қызметті беруші болып табылады, оның негізгі мақсаты мен қызметтері:

– объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

– салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу;

– жұмыстарды және инжинирингтік қызметтерді лицензиялауды жүзеге асыру;

– жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу.

Бақылау және қадағалау жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан келіп түскен өтініштерді қарау және тексерулер жүргізу кезінде ҚМЖ басталуы туралы хабарламалар бойынша құрылыс объектілеріне мониторинг және тексеріс жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Басқарманың бақылауында бюджет қаражаты есебінен салынып жатқан тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени нысандар және құрылыс салушылардың өз инвестициялары есебінен салынып жатқан 100-ден астам нысан бар.

Басқарма 2022 жылы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы 1 328 хабарлама қабылдады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда құрылыс объектілері санының 0,2%-ға төмен екенін көрсетеді.

Өткен жылы Басқарма сәулет-құрылыс бақылауы мәселелері бойынша 54 бақылау-қадағалау тексеру іс-шараларын жүргізді және келесі сипаттағы 270 әкімшілік іс қозғады:

– мемлекеттік нормативтерді бұзу, ҚР Әкімшілік кодексінің 312-бабы бойынша 8 683 500 тг сомаға – 20 іс;

– белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасынсыз, ҚР Әкімшілік кодексінің 314-бабы бойынша 7 874 910 тг сомаға – 16 іс;

– ЖСҚ және сараптамасыз ҚМЖ жүзеге асыру, ҚР Әкімшілік кодексінің 316-бабы бойынша 17 374 980 сомаға – 61 іс;

– авторлық және техникалық қадағалауды бұзу, ҚР Әкімшілік кодексінің 317-бабы бойынша 4 921 668 тг сомаға – 11 іс;

– инжинирингтік қызметтерді бұзу, ҚР Әкімшілік кодексінің 317-1-бабы бойынша 5 139 500 тг сомаға – 6 іс;

– объектілерді қабылдау тәртібін бұзу, ҚР Әкімшілік кодексінің 318-бабы бойынша 5 648 172 тг сомаға – 18 іс;

– әкімдіктің жер учаскесін бөлместен, заңсыз құрылыс жүргізу – ҚР Әкімшілік кодексінің 319-бабы бойынша 128 646 тг сомаға – 4 іс.;

– үлестік қатысу, (ҚР Әкімшілік кодексінің 320-бабы бойынша 1 562 130 тг сомаға – 5 іс.)

– тапсырыс берушілердің авторлық және техникалық қадағалаусыз объектілерді салуы ҚР Әкімшілік кодексінің 321-бабы бойынша 25 329 630 тг сомаға – 78 іс;

– азаматтардың пәтерлерді заңсыз қайта жоспарлау, ҚР Әкімшілік кодексінің 322-бабы бойынша 643 230 тг сомаға – 8 іс;

– бекітілген тәртіпте пайдалануға берілмеген объектілерді заңсыз пайдалану, ҚР Әкімшілік кодексінің 323-бабы бойынша 676 923 тг сомаға –15 іс;

– Басқарманың нұсқамаларын орындамау, ҚР Әкімшілік кодексінің 462-бабы бойынша 306 300 тг сомаға – 1 іс;

– Басқармаға хабарламай құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау, ҚР Әкімшілік кодексінің 463-бабы бойынша 1 533 037 тг сомаға – 26 іс;

– Лицензиялау нормаларын бұзу, ҚР Әкімшілік кодексінің 464-бабы бойынша 96 485 тг сомаға – 1 іс.

Басқарма қаулыларға сәйкес 63 735 808 теңге сомасына 270 айыппұл салды, сондай-ақ, облыстың әкімшілік соттарына қарау үшін жолданды, олар 16 180 303 теңге айыппұл салды.

2022 жылы техникалық қадағалауды жүргізетін сарапшылардың 9 аттестатының қолданысы тоқтатылды («ТЛГ 2002» ЖШС сарапшысы – Е.Т.Мырзабеков, «Ай Мереке» ЖШС сарапшысы – А.У.Сангулов, «ALASH-SERVICE KZ» ЖШС сарапшысы – Д.С.Абдильдин, «Broad Mark Construction» ЖШС сарапшысы – А.Н.Еликбаев, «Фото Стиль» ЖШС сарапшысы – Х.К.Алин, «Құрылысмаркетинг» ЖШС сарапшысы – А.А.Макенов, «Фото Стиль» – А.Б.Жексембин, жеке кәсіпкер – О.Ж Есентуреев., жеке кәсіпкер – К.Б.Тусупов).

2022 жылы лицензияны алу кезінде көрінеу жалған ақпарат бергені үшін «СпецСтрой-Р» ЖШС ҚР Әкімшілік кодексінің 464-бабы 2-бөлімі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

2022 жылдың 12 айында 882 мемлекеттік қызмет көрсетілді:

– лицензиялау бойынша 603 мемлекеттік қызмет көрсетілді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 27% кем (829 мемлекеттік көрсетілетін қызмет), сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау бойынша 279 мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілді, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 39%-ға көп (454 мемлекеттік көрсетілетін қызмет), ұйымды аккредиттеу және жобаларды басқару бойынша 10 аккредиттеу туралы куәлік берілді, бұл 2021 жылға қарағанда 100%-ға артық (5 мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Апта сайын онлайн-режимде азаматтарды жеке қабылдау жүзеге асырылады, әлеуметтік желілер арқылы қызықтыратын сұрақтарға жауаптар беріледі; 43-22-43 сенім телефоны, хаттар мен өтініштерге арналған жәшік жұмыс істейді.

Басқарма қызметкерлерінің өтініш берушілермен байланысын барынша азайту үшін лицензиялау бойынша мемлекеттік қызмет, құрылыс жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаларды қабылдау, аяқталған объектілерді енгізу бойынша салыстырып тексеру өтініш берушілермен тікелей байланыссыз ақпараттық базалар арқылы ұсынылады.

Құрылыс субъектілеріне (тапсырыс беруші, техникалық қадағалау) заңнаманың талаптары және олардың құрылыс кезінде сақталуы туралы ұсыным хаттар жіберіледі.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы талаптар туралы ақпараттандыру бойынша белсенді жұмыс өзекті ақпаратты, заңнамалық базаны және пайдалы сілтемелерді, оның ішінде ашық деректер порталын орналастыру арқылы Ресми сайтта жүргізіледі https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-gask.

Сержан АЙМАҚОВ,
облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы

Әлеуметтік кодекстен не күтеміз?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, бала күтіміне байланысты демалыс мерзімін ұзарту, жәрдемақы мөлшерін арттыру. Әрі «Күміс алқа», «Алтын алқаға» ие болған аналарға жаңа статустар енгізілді. Яғни, ерекше марапат иелеріне табыс мөлшеріне қарамастан, төленетін жәрдемақы мөлшері де өсті.

Жоба ретінде қабылданған құжат адамның туғаннан бастап, қартайғанға дейінгі әлеуметтік құқықтарын белгілейді. Әлеуметтік кодекс қабылданғаннан кейін әлеуметтік қолдау алу Цифрлық карта шеңберінде жүзеге асады. Яғни, азаматтар тиісті органдарға жүгінбей-ақ, бәрі автоматты түрде жүргізіледі. Жобада мүгедектерге көп көңіл бөлінген. Мүмкіндігі шектеулі адамға қызмет көрсетуде отбасы мүшелері тартылады. Жеке көмекші немесе әлеуметтік қызметкер ретінде ресімделеді. Яғни, еңбекақы төленіп, зейнетақы жарнасы аударылады.

– Мүгедек адамды күту оңай емес. Мезгілімен тамағын беру, жуындырып, белгілі бір жерге апарып-алып келу де ауыр жұмыс. Өзіңнен шыққанды өзекке тебесің бе? Бауыр етім балам ғой, қайда барамын, қараймын. Кейде көңіл күйі болмайды, тіл жоқ айтатын. Ет бауырым езіледі. Амал не? Мен секілділер қаншама. Үкімет осындай ауыр жүк көтеріп жүрген аналарға қолдау танытты. Кейінгі жылдың шамасында күтуші ретінде бізге де жәрдемақы төлеп отыр, – дейді мүгедек баланың қамқоршысы Айман Мергенбаева.

I топтағы мүгедек күтушісіне, мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балалардың ата-анасына, қорғаншысы мен қамқоршысына 2021 жылдың 1 қазанынан жәрдемақы тағайындалған.

Түрлі жәрдемақы алатын адамдардың әлеуметтік әлеуеті мен мүмкіндігін ескеріп қана қоймай, жетілдіруге бағытталған жобаға «Талбесік» көпбалалы Аналар одағы» қоғамдық бірлестігі де үн қосты. Көпбалалы аналарға төленетін жәрдемақыны арттыру мен бала күтіміне қатысты демалыс мерзімін ұзартуды аталмыш бірлестік те қолдаған еді.

Аталмыш кодекстің ерекшеліктері де жоқ емес. Ол туралы:

– Енді атаулы көмек, қандай да бір қызметті алатын тек нақты адам емес, отбасын немесе азаматты қиын жағдайдан шығара алатын атаулы шара ретінде қарастырылады. Екіншіден, тараптардың жауапкершілігін арттыру қаралып отыр. Мысалы, мемлекет нақты бір отбасының әл-ауқат дәрежесіне қарап атаулы шара көрсетуге міндетті болса, оны алушы отбасы бұл шараларды өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін орындауға міндетті, – дейді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова.

Сонымен қатар, әлеуметтік жәрдемақы алатын тараптың жауапкершілігі негізінде қитұрқы әрекеттерге тыйым салынады. Нақтырақ айтқанда, атаулы әлеуметтік көмекке иек артып, берген жұмыстан бас тартатын жатыпішерлер саны азаяды.

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

«Ветеринария адамзатты емдейді»

Ветеринария саласы ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қарағанды облысының ветеринария басқармасының миссиясы, жергілікті атқарушы органдар құрған ветеринариялық станциялардың қызметтерін үйлестіре отырып, аймақта жануарлардың аса қауіпті ауруларынан эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамсыз ету мақсатында ветеринария саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Тапсырмаларды іске асыру үшін, бюджеттен қаражат бөлінді, бұл басқармаға есепті кезеңде халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған барлық қажетті жұмыстарды орындауға мүмкіндік берді. Мекеме басшылығы бірнеше мәрте жергілікті телеарналарда, әлеуметтік желілерде сөз сөйлеп, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» және «Индустриальная Караганда» газеттерінің беттерінде, тиісті ақпараттарды жариялады.

2022 жылы облыс аумағында эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыруға 1,3 млрд. теңге бөлініп, есептік мерзімге жоспарланған ветеринариялық іс-шаралар толығымен атқарылды.

Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы жануарларының 12 түрлі аса қауіпті ауруларына (сібір жарасы, құтыру, аусыл, нодулярлы дерматит, қарасан, оба, жоғары патогенді құс тұмауы, вирустық диарея және індетті ринотрахеит, ринопневмония, эхинококкоз,) қарсы 4,9 млн. екпе жүргізілді, зертханаға 1,5 млн. биологиялық сынамалар (қан сынамалары, патологиялық материалдар) жеткізіліп, зерттелді. Сондай-ақ, 35 мың бас 2 түрлі аллергиялық (туберкулезге және маңқаға) зерттеулерден өтті.

Анықтама: Бруцеллезге зерттелген 572 мың бас ІҚМ 2 186 басы ауруға оң нәтиже көрсетті; 824 мың бас ҰММ, 52 басы ауруға оң нәтиже көрсетті. Сондай-ақ, 656 бас түйе, 1 222 бас жылқы, 2 118 бас шошқа және 945 ит зерттелді.

Ауруға оң нәтиже көрсеткен жануарлар қолданыстағы ереже талаптарына сәйкес, санитариялық союдан өткізіліп, мал иелеріне 42,0 млн. теңге көлемінде өтемақы төленді.

2022 жылы облыстың аумағында, аса қауіпті аурулардың 7 түрі (аусыл, қарасан, құтыру, лептоспироз, туберкулез, вирустық диарея және инфекциялық ринотрахеит) бойынша 49 қолайсыз ошақ тіркелді. Ошақтарда карантин/шектеу шаралары белгіленіп, 48-і сауықтырылды. Бүгінгі күнге қалған 1 ошақта сауықтыру шаралары жалғасуда.

2022 жылдың қаңтар айында Шет ауданының Киікті селолық округіне қарасты «Талдыбұлақ» қыстағында ІҚМ алынған биосынамалардан /Астана қ. «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталығы» ШЖҚ РМК/ «Аусыл» ауруы анықталды. Шаруашылықтың аумағына карантин қойылды.

Ошақтағы ауруға бейім жануарлар жансыздандырылғаннан кейін инсинераторда өртеу жолымен жойылды. Жою жұмыстары, мүдделі мемлекеттік органдардың және аудандық ветеринариялық станциясы мамандарының қатысуымен жүргізілді.

Аурудың одан әрі таралуын болдырмау мақсатында, сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес, ветеринариялық препараттардың республикалық қорынан вакцина бөлініп, 868 мың бас ІҚМ, 930 ҰММ және 40 мың шошқа егілді.

Сонымен қатар, басқарма тарапынан коммуникациялық байланыстар арқылы халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Ресми интернет-ресурстарда (Instagram, Facebook, сайт және т. б.), «Адал Көмек» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің алаңында тікелей эфирде, халыққа ветеринария саласындағы заңнама нормаларының сақталуы, жұқпалы аурулардың алдын алу туралы ақпараттық мақалалар, жадынамалар орналастырылуда.

2022 жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге 177,2 млн. теңге қарастырылды. Қаражаттың көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 34,7 млн. теңгеге ұлғайып отыр. Қосымша бөлінген қаражат жергілікті жерлердегі ветеринария саласындағы мамандардың жалақыларын көтермелеуге бағытталды.

Жалпы облыс бойынша 649 156 бас ауыл шаруашылығы жануарлары (ІҚМ – 198 211 бас; ҰММ – 341 025 бас; жылқы – 60 699 бас; шошқа – 48 992 бас; түйе – 229 бас) бірдейлендіріліп, деректер базасына енгізілді. Бірдейлендіруге қажетті атрибуттармен аудан, қалалар толық қамтылған.

Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру уақытылы есепке алу үшін қажет және өз кезегінде эпизоотиялық аурулардың алдын алуға ықпал етеді.

Бүгінгі күні облыста 103 мал қорымы тіркелген, оның 43 типтік, 60 қарапайым. Қосымша 18 инсинератор (өлексені өртеу пештері) бар, оның 4 – жылжымалы.

Мал қорымдарын күтіп ұстауға бөлінген 34,7 млн. теңге талапқа сәйкес келмейтін мал қорымдарын ағымдық жөндеуге бағытталды. Барлығы 8 типтік мал қорымдарына тиісті жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Анықтама: Ақтоғай ауданы – 3, Нұра ауданы – 1, Шет ауданы – 2, Саран қаласы – 1, Шахтинск қаласы – 1 нысан.

Сонымен қатар, облыстық бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен, Осакаров ауданында 2 мал қорымының құрылысы аяқталып, аудандық ветеринариялық станциясының балансына беру жұмыстары жүргізілуде.

Абай ауданында 1 мал қорымының, Шет ауданында 7 мал қорымдарының құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Жыл қорытындысымен жаңадан 2 ветеринариялық пункт Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылында және Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде бой көтерді. Аталған нысандардың құрылысы аяқталып, коммуналдық меншікке тапсыру жұмыстары ұйымдастырылуда.

Ветеринариялық пункттерді материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында 36 бірлік автокөлік сатып алынды, оның 7 бірлігі жаңадан құрылған Ұлытау облысына берілді. Ветеринария басқармасының құзыретіне мемлекеттік қызметтерді көрсету кіреді. Есептік кезеңде 58 562 қызметтер көрсетілді, оның ішінде 43 972 – ветеринариялық анықтама беру, 14 590 – ветеринариялық паспорт беру бойынша қызметтер. Бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын арттыру және қамтамасыз ету мақсатында өткен жылы барлық аудандық/қалалық ветеринарлық станциялары ішкі бақылаумен қамтылды.

Өзекті мәселелердің бірі – қаңғыбас жануарларды аулау және жою мәселесі. Мұнда тұрғындардың назарына Қарағанды облысында қараусыз қалған иттердің шабуылдауы салдарынан зардап шеккен адамдардың өтініш жасау фактілері күн сайын тіркелетініне назар аудару қажет. Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңы (бұдан әрі – Заң) күшіне енгенге дейін, жеке және заңды тұлғалардан өтінімдердің түсуіне қарай ветеринариялық станциялар 28,5 млн. теңгеге 6 528 бас қаңғыбас жануарларды (6 476 ит және 52 мысық) аулап, жойды. Есепті кезеңнің соңында 25 млн. теңге мөлшеріндегі қаражат қалдығы келесі бюджеттік бағдарламаларға қайта бөлінді: «Қаңғыбас иттер иен мысықтарды аулауды және жансыздандыруды ұйымдастыру» 010; «Қараусыз және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау» 032; «Қараусыз және қаңғыбас жануарларды бірдейлендіру» 033; «Қаңғыбас жануарларды вакцинациялау және стерилизациялау» 034. Тиісінше, басқарма мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізді. Алайда, жарияланған конкурстың нәтижелері бойынша қаңғыбас жануарларды аулау, уақытша ұстау, бірдейлендіру, стерилизация, жансыздандыру іс-шараларын не өлтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге мүдделі қызмет көрсетушілер (заңды және жеке тұлғалар) анықталмады. Осыған байланысты, бөлінген қаржы бюджетке қайтарылды. Сондай-ақ, Қарағанды облысының аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру, үй жануарларын ұстау және серуендету ережелері бекітілгенін атап өткен жөн. Халық арасында жануарларға жауапкершілікпен қарау Заңын іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту мақсатында есепті жылы әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, телеарналар эфирінде және баспа БАҚ-та жануарларды стерилизациялау, вакцинациялау және бірдейлендіру шараларын қажеттілігі туралы түсіндірмелер орналастырылды, кездесулер ұйымдастырылды, материалдар жарияланды. Жаңа заңның талаптарын толық іске асыру үшін ауланған жануарларды уақытша ұстауға арналған мемлекеттік панажайлардың немесе пункттердің болуы қажет. Өңір басшысы, аудан, қала әкімдеріне жер учаскелерін бөлу және оларды салу үшін жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу туралы тиісті тапсырмалар берді. Қарағанды қаласында қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау пунктін салуға аумағы 3 гектар болатын жер учаскесі бөлінді.

2022 жылы барлығы 1 684 шағымдар түсті, оның 758-і жеке тұлғалардан. Қараусыз қалған жануарлардың шабуылынан 1 976 жағдай тіркелді, оның ішінде белгісіз иттердің шабуылы фактісі – 1 579. Медициналық мекемелерден 578 хабарламалар келіп түсті, 447 ит бақылауға алынды. Ағымдағы жылға 146,1 млн. теңге мынадай бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінді: «Қаңғыбас иттер иен мысықтарды аулауды және жансыздандыруды ұйымдастыру» 010; «Қараусыз және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау» 032; «Қараусыз және қаңғыбас жануарларды бірдейлендіру» 033; «Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қаңғыбас жануарларды вакцинациялау және стерилизациялау» 034. Ережеге сәйкес үй жануарларын есепке алу жұмыстары басталды. Осыған байланысты зоокорғау ұйымдарының басшыларына, сондай-ақ емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілерге есепке алудың «TANBA» ақпараттық жүйесі пайдалануға берілді.

Ағымдағы жылы, басқарма, облыс аумағында эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету, эпизоотияға қарсы, диагностикалық іс-шараларды уақытылы жүргізуді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыру жөніндегі қызметті жалғастырады. Бірақ мемлекеттік мекеменің сапалы жұмыс істеуі үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық ұйымдарын материалдық-техникалық тұрғыдан жарақтандыру, ветеринариялық мамандарға жүктеме нормативтерін бекіту және т. б. Сонымен қатар, бүгінгі таңда білікті мамандар тапшылығы мәселесі өткір болып тұр. Бұл өз кезегінде, қызметтің сапасына, тиімділігіне кері әсер етеді. Мамандар тапшылығының басты себебі, жалақының төмендігі болып отыр. Бүгінгі таңда кадрларға қажеттілік 69 бірлікті құрайды, оның ішінде жоғары ветеринариялық білімі бар мамандарға қажеттілік – 24 бірлік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында, ҚР Үкіметіне ветеринария саласында орталық пен өңірлер арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажырату бойынша реформа жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ, саланы цифрландыру, деректерді жинау мен беруді автоматтандыру, кадрларды даярлау және жалақыны арттыру қажеттілігі атап өтілді. Президент қойған міндеттерді іске асыру ветеринариялық қауіпсіздік саласындағы көптеген өзекті мәселелерін шешеді.

Мемлекет басшысының ветеринариялық мамандардың жалақысын көтеру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде облыс басшылығы ветеринария саласындағы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруды ұлғайту жөнінде шаралар қабылдады. 2022 жылдың мамыр айынан бастап, облыс бойынша ветеринариялық мамандарының жалақысы орта есеппен 30%-ға дейін өсті.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 241 қаулымен бекітілген тапсырмаларды орындау іске асырылуда.

Қайырбек ТҰРСЫНБЕКОВ,
облыстың ветеринария
басқармасының басшысы

Академиялық дербестіктің мүмкіндігі мол

(Соңы. Басы 1-бетте)

Колледждерге академиялық дербестік беру 2022 жылдың қыркүйегінен, яғни осы оқу жылынан басталды.

– Бұрын оқу жоспары мен бағдарламалар колледждерде жалпы үлгілік оқу жоспарлар мен бағдарламаға сай жасалды. Енді олардың мазмұнын 50%-ға дейін өзгертуге рұқсат берілді. Сондай-ақ, оқу жоспарының бөліктері оқу мерзіміне байланысты болды. Ал жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл көбіне ресми түрде жүзеге асты. Оқу бітірген түлектерді жұмысқа қабылдайтын кәсіпорындар сұранысқа сай келетін білім беру бағдарламалары мен практикалық сабақтарды әзірлеуге толық мүмкіндігі болмады. Енді колледждерге берілген академиялық еркіндік бұл жағдайды түбегейлі өзгертті. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және сараптауға тікелей қатысады, яғни колледждер оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жалпы бекітілген стандарт бойынша емес, еңбек нарығының, кәсіптік стандарттың, өңірлік ерекшеліктердің және т.б. сұраныстарына қарай әзірлей алады. Әзірленген білім беру бағдарламалары сараптамадан өтіп, одан кейін барлығына қолжетімді білім беру бағдарламаларының электронды тізіліміне енгізілді. Қарағанды облысының барлық колледжі академиялық дербестік алды, – деді облыстың білім басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бөлкенбаев.

Академиялық дербестік беру кезінде колледждердегі оқу мерзімі де ескеріледі. Бұрын түрлі біліктіліктер бойынша оқыту мерзімдерінің қатаң регламенті болатын. Яғни, оқу 2 жылдан 4 жылға дейін жалғасатын. 2021 жылы бұл ереже «Білім туралы» Заңнан алынып тасталды. Бүгінде колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп, білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқу мерзімін айқындайды. Бұл теория мен практика арасындағы алшақтықты жояды, сонымен қатар, кәсіпорындарға кадрларды ауыстыруға мүмкіндік береді. Осындай шаралар өндірістегі технологиялық өзгерістерге және еңбек нарығының сұранысына бейімделуге бағытталған. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі мамандарды жұмыс берушілердің талабына сәйкес даярлайды.

Мәселен, Қарағанды машина жасау колледжінде бүгінде 400-ге жуық студент білім алып жатыр. Колледж осы оқу жылының басында академиялық дербестік алып, компаниялармен келісімшартқа отырған.

– Өңірдегі жиырма шақты компаниямен келісімшартқа қол қойылды. Олардың ішінде ірілері «КЛМЗ-Мэйкер» ЖШС, «Лека» ЖШС, «РММЗ» ЖШС, «Құрылысмет» ЖШС, «Карагандаэнергоремонт» АҚ (акционерлік қоғам), «Автоматические котлы» ЖШС, «Кар-Гор-Маш» ЖШС. Осы компаниялармен бірлесіп, сұранысқа сай маман даярлаймыз. Жылдың басында оқу бағдарламалары жасалды, компаниялардың сұранысы бойынша кәсіби модульдер енгізілді. Академиялық дербестіктің арқасында колледж әкімшілігі серіктес компаниялармен бірлесе отырып, барлық оқу үдерісін жүзеге асырады. Колледждің 2-3 курс студенттері өндірістік тәжірибені осы компаниялардың базасында өтеді. Академиялық дербестік бойынша студенттердің өндірісте тәжірибеден өтуі 60%-ға көбейтілді, – деді Қарағанды машина жасау колледжінің директоры Серікбол Шатинов.

Колледж директорының айтуынша, мамандықтарды оқыту мерзімі қысқартылмаған. Оның себебі де жоқ емес. «Оқуға түскен студенттер – 9-сынып бітіріп келген, 18-ге толмаған балалар. Олар міндетті түрде орта білім алуы керек. Одан кейін кәсіпке бейімдеп, оқытуымыз керек. Сондықтан, бізде оқу мерзімі қысқартылмайды», – деді Серікбол Тұрсынұлы.

Сурет интернеттен алынды

Ал өңірдегі «Ютария» LTD өндірістік-инновациялық компаниясы Қарағанды технология және сервис колледжі, Қарағанды сән колледжі, Қарағандыдағы жекеменшік «Сервис» колледжімен жыл сайын әлеуметтік серіктестік туралы келісім орнатады. Яғни, аталған колледждерге өндірістік компания қаржылай демеушілік көрсетеді. Сондай-ақ, былтыр компания колледждермен меморандумға қол қойды. «Ютария» LTD компаниясы студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізеді, арнайы тәлімгері бекітіліп, тігін машинасымен қалай жұмыс жасау қажет екенін, қауіпсіздік шаралары, жұмыс барысын үйретеді.

– Академиялық дербестік бойынша, колледждердегі оқу бағдарламасына өзгеріс енгізуге құқымыз бар. Алайда, Қарағанды технология және сервис колледжінің маман даярлау сапасы көңілімізден шығады. Сол себепті өзгеріс енгізуді қажет деп таппадық. Онда соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар бар. Тек студенттердің тігінші болып жұмыс істеуге ынта-ықыласы болса болғаны. Тігінші болам деп, үлкен мақсатпен келген колледж түлегін былтыр жазда жұмысқа қабылдадық. Ал, біздің компанияда жұмыс істеп жатқан арнайы мамандығы жоқ үш қызметкерді колледжге бір жылға оқуға жібердік. Олар қазір колледжде білім алып жатыр, жұмысынан да қол үзген жоқ. Арнайы сабақ кестесі қойылып, тек бейіндік пәндер ғана оқытылады, шәкіртақы алады. Біз осы колледжбен үнемі байланыстамыз, – деді «Ютария LTD» өндірістік-инновациялық компания жанынан құрылған оқу орталығының директоры Шолпан Әбілдина.

Заман талабына сай маман даярлау – мемлекет үшін өзекті мәселе. Бұл тәуелсіз елдің өркендеуіне негіз болады. Аймақтағы ірі кәсіпорындардың мамандарын өңірлік колледждер даярлайды. Екі жақты келісімнің, бірлескен шешімнің арқасында колледждерде сапалы маман даярланады, ал кәсіпорындарда маман тапшылығы жойылады.

● ҰЛТ ПЕН РУХ

Зиялы қауым. Ол кім?

XXI ғасырдың ең негізгі туындысы, жаһанданудың адамзат баласына берген бірден-бір үздік өнімі – жылдам ақпарат алмасу процесі. Осы процесс екпінінің күші сондай, кейбір адамдар қазіргі кезең үшін газет-журналдың, оларды оқырмандарына жеткізуші пошта қызметінің, тіпті баспаханалардың ертеңгі күні керек боларына күмәнмен қарай бастағандай. Кино өнерін білмеймін, ал театр мен оның тікелей рухани тамыры драматургияның онсыз да қазіргі ауыр жағдайы одан ары құрдымға кететін шығар (Дулат Исабеков, Өнегелі өмір, 109-114 беттер).

Шынында да, егер керекті мағлұматты интернеттен әп-сәтте алып отыратын болсақ, онда қымбат уақытымызды басқа өнімсіз істерге бөлуіміздің де қажеті қанша?!

Осы орайда, арғы бастауы петроглифтерден алып, Шумер мәдениетіндегі қыш тақталарға, Египеттегі папирустарға, түркі бабаларымыздың тастарға қашап, кейін қағазға араб қарпімен түсірген рухани құндылықтары түрінде бізге жеткен адамзаттың ең ұлы жетістігі – кітаптың тағдыры болашақта газет пен журналдан да мүшкілденетін тәрізді.

Біздің ұрпақ кешегі XVIII ғасырдағы ұлы француз ойшылы Дени Дидро айтқан: *«Адам кітап оқуды тоқтатқан күні, ойлауды да тоқтатады»* деген толғамға тоқтай отырып, *«Кітап – білім бұлағы»* екенін толық мойындап өттік және өзімізді осының арқасында ғана адам болдық деп есептейміз.

Әлемдік әдебиеттің асыл мұрасы Лев Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігінің» бүкіл мазмұнын бүгінгі тестілеудің қыр-сырын әбден меңгеріп алған жас жеткіншектер бір-ақ беттік ақпарат парақшасы арқылы біліп алатынын естігенде жаның түршігеді. Шығарманың жаны мен мәніне емес, мазмұнына қанығады. Тіпті осы шығармамен олардың ата-анасы да қай әдіспен танысқанын біз бүгіндері айта алмас едік.

Сөйтіп, біздің елімізде ендігіде «сүттің бетін ғана қалқитын, ауырдың үсті-жеңілдің асты» дегендей оңай жолдарды жылдам тапқыш, білімді Интернеттен ғана іздейтін, шолақ ойлайтын «болашақ зиялы қауым қалыптасады».

Сөйтіп, Шекспирше айтқанда «Кезеңдер кезегі (немесе сабақтастығы) үзіледі... («Распалась связь времен...», В.Шекспир. Гамлет)

Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік желідегі парақшасында, қазақстандықтарды уақытты барынша тиімді пайдалануға шақырғаны белгілі. *«Қазіргідей елең-алаң уақытта баршаңыздың күнделікті тіршіліктеріңіз өзгеріске ұшырағаны белгілі. Пандемиядан қорғанудың бірден-бір жолы – әлеуметтік оқшаулану, яғни үйде болу екенін жаһан жұртшылығы мойындап отыр. Әрине, бұл – уақытша құбылыс, өтпелі кезең. Дегенмен, осы уақытты барынша тиімді пайдалану – әрбір адамның өз қолында. Сондықтан, осы карантин күндері ақын-жазушылар, журналистер, мәдениет қайраткерлері және қатардағы азаматтарымыз әлеуметтік желіде «Қандай кітап оқып жатырсыз?» челлендж-эстафетасын ұйымдастырған екен. Бұл бастаманы толық қолдаймын және осындай игі істі қолға алған отандастарыма шынайы ризашылығымды білдіремін. Шын мәнінде, кітап оқу – рухани кемелденудің көзі десем артық емес. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Жалған деректің, шындыққа жанаспайтын қауесеттердің де тез тарап жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан, мұндай жағдайға мейлінше жол бермеу үшін алтын уақытымызды осындай пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деп жазды.*

«Адамды адам еткен – кітап,
адамзат еткен — кітапхана» сияқты артына аталы сөз қалдырып кеткен Әбіш Кекілбаев сынды абыз ағамыз да, кітапханаға бармақ түгілі кітапқа да қарамай, өзіміздің ұлы ұлттық мұрамыз «Абай жолын» тек ұялы телефон мен компьютерден оқып отырған немесе оны «Тик-Ток» түрінде ғана қабылдайтын немесе қабылдауға ғана шамасы жететін ұрпағын көрсе не ойлар еді?! Кейде ойлаймын: «Әбіш ағамыз шет жағын сезіп те кеткен шығар, ал Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбдіжәміл Нұрпейісов сияқты классиктеріміздің осындай «жаһандануды» көрмей-ақ кеткендері дұрыс та болған шығар-ау?! – деп...

Мен ғылыммен айналысамын, сондықтан мен үшін ғылыми-техникалық прогресс жалаң лозунг емес, ол – шынайы қажеттіліктен туған өмірлік шындық. «Ғылым – білімнің ең жоғарғы сатысы ғана емес, оның мәңгілік жылжытушысы» – екеніне сенгеннен кейін ғана осындай ұлы да қиын мамандықты таңдап алғанмын. Ұлы хакім Абай ағамыздың кезінде надан халыққа «білім» аса қажет болса, ал XXI ғасырда «ғылым» аса қажет екенін де түсінемін және өз шәкірттеріме түсіндіремін.

XIX ғасырда Ұлы Абай: өзінің қара сөзінің отыз сегізіншісінде: *«Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды»* және *«Білімсіздік хайуандық болады»* деп ашынса, XXI ғасырда біз де *«ғылымымыз артта қалып барады, елімізде космонавтар бар, космодром бар – терең іргелі космостық зерттеулер жоқ, Хирш индексі аса жоғары ғалымдарымыз бар – технологиялар жоқ, тіпті, мемлекетімізде мемлекеттік мәртебесі бар Ұлттық Ғылым академиясы да жоқ»* – деп қамығамыз.

Мен үшін Пайғамбарымыз Мұхаммад-Мұстафаның (с.а.с) бір хадисіндегі *«Ғұламаның жазу жазған қара сиясы-шәһидтің қанынан қымбат» немесе Әбу Дәуіттің «Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары»* – деген тағылымдары ұлы ғұламамыз Қаныш Сәтбаевтың: *«Білім мен ғылымсыз, Қазақстанның, тіпті кез келген елдің ешқандай болашағы жоқ»* сияқты ұлағатымен тығыз ұласатын ұлы құндылық. Біз ғалымдар – шығармашылықпен айналысатын жазушылар мен ақындар, сазгерлер мен кейбір актерлер тәрізді өзімізді зиялы қауымға жатқызамыз. Сондықтан ең алдымен, *«еліміздегі заманауи зиялы – ол кім?!»* – деген күрделі сұраққа жауап беріп көрейікші.

Алдымен, тағы да өзімізді зиялы қауым ретінде қалыптастырған, өткен XX ғасырдың ұлы ойшылдарының толғамдарына құлақ салып көрейік.

«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент (зиялы) емес» деді ұлы классигіміз Мұхтар Әуезов.

Кеңес Одағы кезеңіндегі нағыз зиялы қауым өкілдері өздері ұлт тілінде сөйлей отырып, жазушылары шын мәніндегі ұлы туындылар тудыра білсе де, өз балаларына орта білімді де, жоғары білімді де «ұлы орыс тілінде» беруге тырысты. Бұл жолда олар әрине «псевдозиялыларға», яғни партиялық функционерлерге, кеңес қызметіндегілерге және соларды маңайлаған пысық шенеуніктерге еліктеуге мәжбүр болды және заман да солай еді.

Кеңес өкіметі коммунистік интернационализмді жалау етіп, орыс әдебиеті мен мәдениеті ғана әлемнің ең озық рухани игілігі деп жариялаған кезде, қазақ руханиятын онымен теңестіре отырып ұлықтау – ұлтшылдық деп бағаланатын. Сондықтан оған кез келгеннің батылы бара бермеді.

Сол кездің өзінде ұлттық мұрамыз бен құндылықтарымызға ара түсіп: *«Елдегі экономикалық-әлеуметтік, саяси мәселелер түзелер, ал руханият бүлінсе онда жағдайымыз қандай болмақ?»* деп, жаны күйзелген Өзбекәлі Жәнібеков сияқты тұлғалар шетін құбылыс еді.

Әрине, сырлы да сыншыл халқымыздың Олжас Сүлейменов сияқты жат тілде жазса да, халқымыздың түбірлі тарихы мен рухани озығын әлемге таныта білген ұлы тұлғаларына реніші болған емес. Бірақ Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан мен Шәкен Айманов, Ахмет Жұбанов пен Ермұхан Бекмаханов және тағы басқа да азғана талантты шоғыр зиялылар, ғасыр басындағы арасында *«университет бітіргені мен бітірмегені бар»* Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқаев, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин сияқты халқымыздың табиғи дарыны бойларына жұққан «шын мәніндегі зиялы» тұлғалардың орнын толтыра алмады. Еліміздің зиялы саналатын түсініксіз және түссіз тобында белгілі дәрежедегі «вакуум» қалыптасты.

Тоқсаныншы жылдардың тоқырауынан да аман өткен халқымыз Тәуелсіздік алған күндерден бастап тарихымызды қайта түлетіп (ақтаңдақтардан құтыла отырып), *«тоқалдан туған баланың»* жағдайына жеткен туған тілімізді де жаңғырта бастады. Іштерінен буынып жүрген «шын мәніндегі зиялы қауым өкілдері» үшін осы кезең – кезінде, Еуропада туған «Қайта өрлеу дәуіріне» пара-пар еді. Еліміздің шындықтан аса аттамайтын тарихы жазылды, «ақтаңдақтарымыз ақ сандықтарға» айналды, шын мәніндегі шынайы туындылар туып, зиялыларымыздың өздері де «зиялыларға» айнала бастады.

«Жеттім деген – жығылады,
Толдым деген – төгіледі» деген екен Мұхтар Әуезовтей сұңғыламыз өзінің тағы бір классикалық толғамға айналған сөзінде.

«Енді жеттік, енді толатын болдық» деп тоқмейілдене бастап едік, *«жар астынан жік шығып, екі құлағы тік шықты»* дегендей, жоғарыда айтылған жаһандану қуып жетті де, қуанышымыз су сепкендей басылды. Кітап оқушы азайды (бұның өзі де асырып айтқан сөз), яғни мүлде жоғалды. Кейбір Білім мен ғылым министрлері e-learning мәселесін көтеріп те үлгерді (коронавирус пандемиясы басталмай жатып-ақ). Журналистеріміз газет пен журналды, ақын-жазушыларымыз жаңа туындыларын кімге арнап жазғанын біле алмай дал болды. Мен егер де өзім, кезінде коммунист болсам (Алла өзі сақтады), онда XX ғасырдың басында физика ғылымында туған кризис кезіндегі Еуропада «Материя жоғалды» – деп шу көтерген махистік философия өкілдеріне («Атом бөлінбейтін бөлшек», Демокрит б.э.д.), В.Ленинннің жауап ретінде жазған: «Электрон да атом сияқты түпсіз, табиғат шексіз» деп түйіндеген, «Материализм және эмпириокритицизм» сияқты еңбегіне жолсілтер едім. Сол кезең сияқты, еліміздегі зиялы қауым жаңа кризистің алдыңғы кезеңіне тап болдық.

Біздің ғалымдар қауымында: *«Табиғат вакуумнен қорқады»* деген заңдылыққа аса ұқсаған сөз бар. Осы кризисті өздері ешқашан да бір кітапты соңына шейін оқымаған, бірақ қалтасы қалың «пысықтар» аса ұтымды пайдаланды. Олар – қазақтың *«жер дауы мен жесір дауы»* сияқты негізгі заңдылықтары мен құндылықтарының бұзылған кезеңдерінде оқыс туатын жаугершілік тұсында, өздеріне туыс немесе ата-баба болып келетін – көрші ауылдың жылқысын барымталап келген жігіттерін, ел қорғаған батырларға айналдырды.

Сонымен, *«еліміздегі заманауи зиялы – ол кім?!»* сияқты күрделі сұраққа: *«Ол немесе олар – ешқандай қиындыққа қарамастан, кризистік кезеңдер кезінде де өзін олардан жоғары ұстауға тәрбиелеген, талантты туындыларын тудыра білетін ақын мен жазушы, ғалым мен ұстаз, сазгер мен артист және осы туындыларды сынай және бағалай білетін әрі терең насихаттаушы көзі ашық білімді қауым»* – сияқты толымды жауап беруге болар еді.

Бірақ дана халқымызда *«Ет сасыса тұз себеді, Тұз сасыса не себеді»* деген қызық мәтел бар. Яғни алдыңғы сұрақтан: «Қазақстан ғана емес, тіпті кез келген елдің дамуы мен артта қалғанын көрсететін бетпердесі немесе критериі болатын ғылымы мен руханиятының және оның талантты және дарынды тұлғаларының шын жанашырлары бар ма, бар болса ол кім?!» деген сияқты жаңа сұрақ туады. Батыс елдерінде, әсіресе Америка Құрама Штаттарында бұл мәселе өте тиімді түрде жолға қойылған. Мысалы, ғылыми-зерттеулерге мемлекет тарапынан әртүрлі қорлардан арнайы гранттар бөлініп жатқанымен, негізгі көмекті *«азуын айға білеген»* атақты корпорациялар мен жеке тұлғалар көрсетеді. Көптеген гранттар «қайтарымсыз көмек» ретінде тәуекелді зерттеулерге де беріліп жатады. Бұл өте дұрыс және тереңнен ойластырылған саясат. Себебі ғылымның, әсіресе, іргелі ғылымның тоқтаусыз дамуы технологияның да үздіксіз жаңғыртылуына әкеледі. Ол – елдің тұрақты дамуына жеткізеді.

Ақыры соңында, елдің негізгі байлығын газ бен мұнайды, бидай мен ұнды сату емес, зиялының ақыл-ойының жемісі – озық технология, үздік театр мен жақсы кино, бестселлерге айналған кітап пен заманауи медицина құрайды.

Өзімізге *«Біздің елімізде осы мәселе қалай және қандай деңгейде дамуда?!»* сияқты тағы да бір сұрақ қойып көрейік.

Рас, соңғы жылдары елімізде осы бағытта бірқатар қайырымды істер атқарылып жатқан тәрізді. Көптеген қалталы азаматтар өздерінің туған ауылына кештеу болса да назар аударып, мектеп пен клубтарын жөндетіп, мешіт пен монша салдыра бастады.

Атақты билер мен батырларымызға әр қала мен туған жерлерінде ескерткіштер орнатылды және бұл үрдіс жалғасуда. Топонимика да назардан тыс қалмаған секілді. Егер де ақша таза жолмен табылған болса, онда осы қаржыға мешіт пен көпір салу тәрізді игі шаралар атқаруды біздің Ислам дініміздің өзі де құптайды.

Бірен-саран театр меценаттарының, спортшылардың есімдері демеушілердің қатарынан естіліп жүр.

Ал мақаламыздың басында көтерген: «Кітап мәселесі» ше?! Өкінішке қарай, бұл мәселе *«тиімсіз іс»* болып көрінгеннен бе, жабулы қазан түрінде қалып қойды. *«Бұл майданда тек ессіз немесе көзсіз батыр ғана семсер сілтей алатын шығар»* деп ойлап та жүруші едік.

Бір қызығы, осындай «батыр» немесе «көзсіз ер» бар болып шықты және өзі өте кішіпейіл жас азамат екен. Несі бар, халқымыздың: *«Кішіпейілдік – кішілік емес, кісілік»* деген де нақылы бар.

Бүгіндері есімі елімізге жаңа танылып бастаған ұлт руханиятының жаңа жанашыры, дәрігер-ғалым, белгілі меценат Ғани Смаханұлымен 2020 жылы Ұлттық Ғылым академиясының мүшелігіне сайлауға түсу кезінде танысқан едім. Шындығында бізді қазақтың ғұлама ғалымдарының бірі, академик Әбдіуәли Баешов ағамыз таныстырды.

Өзі де көзі қарақты жігіт менің «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған бір мақаламды оқыпты. Арамызда Мәшһүр-Жүсіп туралы да біраз сұхбат туындады, әңгімеміз де әдебиет жөнінде өрбіді.

Мені аса таңғалдырғаны, осы бір кішіпейіл азаматтың Әбдіуәли ағамызбен қоғамдық көлікте кездейсоқ танысып, біліс болған соң, оның ғылыми жинақ кітабының баржоғы жүз-ақ данамен шыққанын естісімен шын жаны ашып, өз көмегін ұсынған еді. *«Аға, жүз дананы жүз адам ғана оқиды, ал мына кітабыңыз мыңдар оқуға тиіс туынды екен»* деп түйіп, өз қаржысынан 3000 данамен баспадан қайтадан шығарып береді. Азаматтың ары мен жанының мәрттігіне риза болған Әбдіуәли ағамыз да, аталған жинағына «Жақсылыққа жаралған жүрек» атты жаңа тарау қосқан екен.*«Бір адам таққа мінсе, қырық адам атқа қонады»* дегендей, мен де қазіргідей «кітапқа онша жаны ашымайтын» тар замана кезінде осындай азамат бар болып шыққанына тебірене отырып жазған «Ғылым – теңіз, білім – қайық. А.Баешовтің «Елу жыл білім мен ғылым жолында» кітабын оқу кезінде туған ойлар» атты мақаламда («Aqiqat Arnasy» республикалық қоғамдық-саяси, құқықтық газеті, №5 (108) 9 ақпан, 2022 жыл, 4-бет) ағамыз сияқты осы азаматқа ризашылығымды білдірген едім. Сыншыл халқымыз да осындай азаматтар туралы:

«Жүйрікте де жүйрік бар,
Қазанат жөні бір басқа.
Жігітте де жігіт бар,
Азамат жөні бір басқа» демей ме?!

Тағы да ерекше атап өту керек жайт, Ғанидың 2021 жылы тағы да ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіуәли Баешовтің 75 жылдық мерейтойына арнап, 1000 даналық тиражбен «Өнегелі өмір» сериясымен (221-шығарылым) жинағын шығарып беруі болды.

Ғани Смаханұлының ұлыларды ұлық тұта білуі, шын зиялыларды зияттай білуі бір сәтке де тоқтаған емес. Атап айтсақ, ізі әлі де суып үлгермеген 2022 жылы оның қолдау көрсетуімен тағы бір жинақ жарық көрді. Бұл басылым тағы да «Өнегелі өмір» сериясында, еліміздің көрнекті жазушы-драматургі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтің өмірі мен шығармашылығына, қоғамдық қызметіне арналып (234-шығарылым), 1000 даналық таралыммен шықты.

Ғанидың қолдауымен, азаматтық бастамасымен шығып жатқан жүздеген кітаптардың ішінен мені аса тәнті еткені, шексіз ризашылығымды тудырғаны – екі кітап.

Біріншісі – Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арнап шығарылған Болат Жүнісбековтің «Абайдың ақын ұлдары» жинағы. (2020 жыл, 1000 даналық таралым). Кітапта ұлы хакімнің дарынды ұрпағы – Ақылбай, Мағауия және Тұрағұл сияқты ұлдары мен немересі Әубәкір Ақылбайұлының төл еңбектері, олардың өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеулер, мақалалар мен эсселер жинақталған. Бұл кітап шыға салысымен-ақ менің де күнделікті оқитын сөреде емес стол үстінде жататын кітабыма айналды.

Екіншісі – Сәрсен Бек Сахабаттың құрастыруымен бүкіл түркі әлемінің мәдениетіне ортақ тұлға, Алаш ардақтысы, қазақтың алғашқы кәсіби дипломаты Нәзір Төреқұловтың өмірі мен шығармашылық мұрасы мен ұлт руханиятын байыта түсу мақсатында 2000 дана таралыммен шыққан «Нәзір әлемі. Мир Назира Торекулова» кітабы. Мысалы, кітапта келтірілген, кезінде Нәзір Төреқұловтың 1926 жылы араб қарпімен жазған «Жат сөздер туралы» атты мақаласы XXI ғасырдағы Алаш баласы үшін де аса өзектілігін жойған жоқ. Нәзірдің көсемсөзімен терең танысқан қазақ оғландарының бойында, халқымыздың кешегісінде осындай ұлы ұлдары болғанына ұлттық мақтаныш сезімімен қоса, асқақ патриотизмнің де туатынына сенімім кәміл.

«Өнердің жаны – құштарлық,
жауы – іштарлық» делінеді атадан қалған даналықтардың тағы да бірінде. Өздері дәрігер бола тұра, әлемдік әдебиетте де асыл мұра қалдырған Антон Чехов пен Михаил Булгаков сияқты Ғани Смаханұлы да дәрігер-терапевт бола тұра, өнер мен өркениетке жалпы ұлттық руханиятымызға құштарлығын нақты істермен дәлелдеп келеді. Оның ойынша, рухани табалдырығы берік ұлттың өркениет бәсекесінде де шаңырағы биік болады. Жаһанданудың кейбір қатерлі тұстары, атап айтқанда, әлемдік ортақ қазанда қайнау арқылы ұлттық ерекшеліктердің жойылып кетуіне біздің саны аз қазақ халқы тек қана ұлттық руханиятымен, салт-санасы, тілі мен діні және заманауи зиялылығымен ғана қарсы тұра алады. Міне, сондықтан да үлкен жүректі, бірақ кішік мінезді Ғанидай азамат ұлттық руханиятымызға қызмет етуін өзінің қасиетті міндеті деп санайды. *«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден»* демеп пе еді, Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтай арысымыз да.

Заманауи зиялы Ғани Смаханұлы – еліміздің зиялы қауымының, оның ішінде дарынды ғалымдары мен шығармашыл өкілдерінің жалынды демеушілерінің бірі, бірі емес бірегейі. Ол осы күнге дейін зиялы қауым өкілдерінің 1114 кітабының жарыққа шығуына себепкер болды. Оның қолдауымен шыққан кітаптардың да жалпы тиражының саны 100 миллионнан асып жығылады екен.

Сондықтан зиялы қауым өкілдерін қолдау арқылы өзі де еліміздегі заманауи зиялы деңгейіне көтерілген Ғани Смаханұлы сияқты арда азаматқа деген ризашылығымды тағы да Әбіш Кекілбаевтың *«Ең берік ат, ең биік ат, ең баянды ат – азамат»* деген ұлағатымен жеткізгім келеді.

«Бір кісі жүрген жерде соқпақ,
жүз кісі жүрген жерде жол қалады» демекші, Ғани Смаханұлының Аллаға да, адамға да жағымды үлкен ісін ертеңгі күні жүздердің қайталайтынына да сенімім кәміл!

Бораш ТӨЛЕУОВ,
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
химия ғылымының докторы

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қор қолдауы – қомақты

«Коунрад» Корпоративтік қоры «Қарағанды облысы Балқаш қаласының мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орталығы» КММ-ге медициналық құрал-жабдықтар сыйлады. Сонымен қатар, орталыққа қажетті құрылғыларды да табыс етті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Коунрад» Корпоративтік қорының баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, орталық басшылығы «Коунрад» Корпоративтік қорына («Сары Казна» ЖШС мен «Медная компания «Коунрад» ЖШС құрған) осы орталықтың жабдықталуына демеушілік көмек көрсету туралы өтініш айтқан. Қолдау білдірген қор қабырғаға ілетін және колонналы кондиционерлер, телевизор, көлемі 100 литрлік су жылытқыштар, жылжымалы музыкалық колонка, Indesit ITS-4160W тоңазытқышы, көпіршікті колонна, қозғалуға көмектесу үшін қабырғаға орнатылатын тұтқалар сатып алып берген. Бұдан бөлек, материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің қызметкерлері оңалту орталығының өкілдерімен ынтымақтаса отырып, медициналық жабдықтардың ыңғайлы модельдерін іздестіріп, Премиум класына жататын су асты душына арналған акрилді гидроемдеу ваннасын және әр түрлі модификациядағы мүгедектерге арналған 10 колясканы сатып алып табыстаған. Сондай-ақ, Балқаш-1 станциясында электр энергиясының жиі сөнуіне байланысты, дизельді генератор сыйлап, «Медная компания Коунрад» ЖШС-нің меншікті құрылыс бригадасының және штаттағы энергетиктердің күшімен Орталықтың территориясына орнатып берген көрінеді. Жалпы барлық жабдықтарды сатып алуға, жеткізуге және орнату жұмыстарына Қор тарапынан 23,8 млн. теңге қаржы бөлінген.

Айта кетейік, «Қарағанды облысы Балқаш қаласының мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орталығы» КММ облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен ашылған болатын. Мемлекеттік мамандандырылған орталық 1,5 жастағы бөбектен бастап 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді қабылдайды.

БАЛҚАШ

● СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

«Қамар сұлуды» қайта оқығанда

Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №29 кітапхана-филиалының оқырмандар залында С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай «Қамар сұлу» романын талқылау шарасы өтті. Қысқа ғұмырында соңына мол әдеби мұра қалдырған жазушының әйел теңдігін ту қылып көтерген бұл туындысы туралы көпшілік өз ойларын ортаға салды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапхананың өлкетану бөлімі меңгерушісі Айткүл Төлеуханқызы, кітапхананың тұрақты оқырманы, өлкетанушы Мақсұтхан Әкішев, Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның оқушылары және кітапхана оқырмандары қатысты.

Іс-шара оқырмандардың С.Торайғыров өмірі мен шығармашылығы жайлы білімін тереңдетуді, романдағы негізгі оқиға желісімен таныстыруды, тақырыбын ашуды, автор идеясын танытуды, ой тастау арқылы ойлау қабілеттерін, ой-өрісін кеңейтуді көздеді.

№29 кітапхана-филиалының меңгерушісі Салтанат Исакова шараны тізгіндеп, оқырмандарға жазушы туралы тың деректерді ұсынды.

Іс-шара барысында М.Жұмабаев атындағы гимназия оқушылары Мерей Бағдат, Әділет Елтай, Мадина Ғабдолла, Бағдат Бақыт, Нұрайым Жұмабек, Инабат Есенкелді, №5 қалалық білім беру мектеп-орталығының Жансая Жаңабаева, Зере Қуаныш сынды оқушылары белсене қатысып, роман туралы өз ой-пікірін ортаға салды. Өлкетанушы Мақсұтхан Әкішев романның жас буынға берер пайдасы мен ізгі идеясы хақында сол дәуірдің ерекшеліктерін бүгінгі күнмен салыстыра әңгімеледі.

Ал, М.Жұмабаев гимназиясының 10-сынып оқушысы Бекнияз Қайрат пен №5 мектеп оқушылары Жансая Жаңабаева Ахмет пен Қамардың бір-біріне жазған хатынан үзінді оқып берді. 9-сынып оқушысы Елтай Әділет С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңін жатқа шебер оқыды.

Шара соңында «Алаш идеясының жаршысы» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, слайд-презентация көрсетіліп, жас буынға көптеген тың ақпарат ұсынылды.

● ОҚУ ОРДАЛАРЫНДА

Жаһандық желіге қосылды

2012 жылы Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) ұлттық және халықаралық деңгейдегі мәселелерді шешу мақсатында «SDSN – Тұрақты даму саласында шешімдер әзірлеу жөніндегі желісін» құрды. Қазақстан SDSN жаһандық желісіне 2022 жылдың қаңтарында мүше болып, құрамына еліміздегі беделді университеттер мен ғылыми ұйымдар кірді. Жақында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті де жаһандық желіге қосылды. Осыған орай 27 қаңтар күні аталған оқу ордасында семинар-презентация өтті.

SDSN – Тұрақты даму саласында шешімдер әзірлеу жөніндегі желі базасы Астанадағы Н.Назарбаев университетінде орналасқан. Семинар-презентацияға Н.Назарбаев университетінен арнайы келген президент Шигео Катсу және профессор Серік Оразғалиев бастаған делегация қатысты. Сөзін қазақша сәлемдесуден бастаған Шигео Катсу:

«Жақында SDSN-нің негізін қалаушылардың бірі Джефри Сакспен телефон арқылы сөйлестім. Ол Қарағанды университетіне жеке құттықтауын жеткізуді өтінді және ұйымның жаңа мүшесіне көп үміт артатынын айтты. Мен де университетпен ынтымақтастық қарым-қатынасымыздан көп нәтиже күтемін. Енді студенттер ғана емес, профессорлар да алмасып жұмыс істей алады», – деді.

Оның айтуынша, Қарағанды қаласындағы басты мәселе – таза судың жетіспеушілігі мен санитария. Жалпы ұйымда қарастырылатын мәселелер: гендерлік теңсіздік, білім сапасы, кедейлікті жою, климаттың өзгеруі, жұмыспен қамту, экожүйелерді сақтау, бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар, индустрияландыру және инновация, таза энергетика. Қазақстан осы мәселелердің алдын алудан 163 елдің ішінде 65-ші орында.

Тұрақты даму саласында шешімге келу жөніндегі желінің әлем бойынша 1740 мүшесі бар. Ішінде тек университеттер емес, ғылыми және жеке ұйымдар бар.

Семинар-презентацияда университетте ойнатылған ішкі грант иегерлері марапатталды. Гранттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген профессорлар мен ғылым кандидаттарына берілген. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков 2023 жылы ішкі грант сомасы 160 млрд. теңгені құрайтынын айтты. Ол өткен жылмен салыстырғанда 2 жарым есеге өскен.

«Ғылыми жобалардың сапасын арттыру керек. Осы ретте Н.Назарбаев университетінің президенті Шигео Катсу университеттің ішкі гранттарына және оны ұтып алған ғалымдардың еңбектеріне қызығушылық танытты. Алдағы уақытта университетпен шет ел ғалымдары арасындағы бірлестікке қол жеткізу жоспары жасалды. Үлкен кітапханалардың базасына тіркелу, студент және оқытушы алмасу университеттің білім сапасын арттырады»

Ұйым 2030 жылға дейін арзан және сапалы кәсіптік-техникалық жоғары білімге, оның ішінде университеттік білімді тең қолжетімді ету, білім алушылардың мүдделерін, ерекше қажеттіліктерін ескеретін оқу орындарын құру және оларды жетілдіру, әлеуметтік кедергілерден азат және тиімді оқу ортасын қамтамасыз етуді алға қойып отыр.

Ақерке БАЙБӘКІР,
Е.Бөкетов атындағы ҚарУ
журналистика кафедрасының
4-курс студенті

● АЛҒЫС

Би өнеріне баулыған

Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылындағы Сыдық Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінде 2020 жылы хореографиялық сынып ашылды. Ө.Бөкейхан басшылық ететін өнер мектебіне Астана қаласынан арнайы хореограф маман келді дегенді естіп, ауыл балалары жаппай би үйірмесіне бара бастады. Би үйретін ұстаз Дана Бақытқызы ауыл балаларынан құралған «Кәусар» атты хореографиялық ансамбль құрды. Аз уақыт ішінде жас би ансамблі талай додалардың төрінде мың бұралып билеп, жүлделі орындардан көрінуде.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген Абай атамыз. Дана ұстаздың жас ұрпақтың санасына сіңіретін тәлім-тәрбиесі, беріп жатқан үлгі-өнегесі өлшеусіз. Хореограф оқушылардан құралған «Кәусар» би ансамбліне жетекшілік етеді. Құрылғанына аз уақыт болса да, би ансамблі талай белестерді бағындырды, жеткен жетістіктері де аз емес. Солардың ең ірісі «Dionis» халықаралық байқау-фестивалінде және «Весенний кубок» халықаралық байқау-фестивалінде бас жүлде алса, I халықаралық балалар, жасөспірімдер мен жастарға арналған «Music Drive» өнер байқауында кіші топ та, ортаңғы топ та I орын иеленді. «Star Kids» халықаралық байқау-фестивалінде жүлдегер және «Новогодний переполох» XI халықаралық байқау-фестивалінде I дәрежелі лауреат атанды. Жетістіктерді айта берсе өте көп.

«Кәусар» би ансамблі мүшелерінің ата-аналары балаларына би үйретіп, биік белестерді бағындырып, шыңға шығарған ұстазға алғыс айтады. Өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі ісіне және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы қызметіне толайым табыс тілейді. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық өнер жолы тек өрлеу мен өсуге бастасын деген тілек білдіреді.

Ауданымыздың кез келген мерекелік іс-шаралары мектеп өнерпаздарының қатысуынсыз өтпейтіні белгілі. Мектеп ұжымы әрқашан қоғамдық іс-шараларға атсалысып, белсенділік танытады. Игі істердің ортасынан табылатын Дана Бақытқызына ата-аналар қауымы тәуелсіз қазақ елінің дамуына елеулі қосып келе жатқан еңбегі үшін алғыс білдіреді.

«Кәусар» би ансамблі
мүшелерінің ата-аналары

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

● ЖОЛ-КӨЛІК

Теміртауда трамвайлар тоқтады

Бұл техникалық тексеруге байланысты уақытша шара. Есесіне «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы кәсіпорын қызметкерлерін сол бағыт бойынша тегін тасымалдауға уәде берді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Құрметті Теміртау қаласының тұрғындары! Техникалық тексеріске байланысты трамвай қатынасын тоқтата тұру кезінде «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының қызметкерлері, еншілес кәсіпорындар мен комбинат ардагерлері үшін қосымша автобустар қарастырылатыны туралы хабарлаймыз. Маршрут трамвай бағытына ұқсас жүретін болады. «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамының қызметкерлері, еншілес кәсіпорындар мен комбинат ардагерлері үшін жол жүру тегін», – делінген компания баспасөз қызметінің ақпараттық хабарламасында.

Қосымша автобустар «АвтоТрам №4 трамвай маршруты бойынша» деген сәйкестендіру белгілерімен жабдықталады.

● СОТ ТӨРЕЛІГІ

Әкімшілік соттың әлеуеті

Әкімшілік сот саласы бүгінде жаңа қарқын алып, мемлекеттік органдарды темірдей тәртіпке келтіру жолында. Бұл бастама өз кезегінде жеке және заңды тұлғалардың қоғамдық құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толықтай жүзеге асыруға оң ықпал етеді. 2021 жылғы 1 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қолданысқа енгізілгеніне бір жарым жылдан астам уақыт өтті.

Мәселен, өткен 2022 жылы Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 1611 талап қою құжаттары қабылданған.

608 істің шешімі шықты. Оның 316-сы талапты қанағаттандырса, 292 талап хат мақұлданбады. Өтінішті қанағаттандыру пайызы 51,9%-ды құрады. Бұл сот төрелігі құқық қорғау жұмыс тиімділігін арттырғанын айғақтайды.

Қанағаттандыру туралы шешімдердің басым бөлігі сот орындаушыларымен (73), мемлекеттік кірістер органдарымен (66), жергілікті атқарушы органдарымен (59 іс) түрлі даулар бойынша қабылданды.

Тараптардың татуласуымен 114 іс сәтімен аяқталды. Оның басым бөлігі жеке сот орындаушыларымен (64 іс), сонымен қатар, аудан әкімдіктерімен, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, облыстық Әділет департаментімен, облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы тараптарымен жүзеге асты.

Атап өту қажет, 27 лауазымды тұлғаға 2 327 880 теңге ақшалай өндіріп алу жұмыстары жүргізілді. 2 174 730 теңгені құрайтын 23 ұйғарым орындалды. 61 260 теңге бойынша 1 ұйғарым орындау сатысында. 153 150 теңге құрайтын 3 ақшалай өндіріп алудан босатылды, 153 150 теңге мөлшерінде ақшалай өндіріп алу азайтылды.

Республикалық және облыстық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларына 46 жеке ұйғарым шығарылды.

Т.ЖАБЫҚПАЙ,
Қарағанды облысы
мамандандырылған
әкімшілік сотының судьясы

● БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Тау бөктерін жаңғыртып...

Қарқаралы ауданында жыл сайын өткізілетін «Қыс мерекесі» жарысы биыл IX рет ұйымдастырылды. Оған әдеттегідей қала басындағы мекемелер мен мектептердің ұжымдары, тұрғындар, қала қонақтары қатысты.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салауатты өмір салтын насихаттау мен қысқы спорт түрлерін дамыту мақсатында өткізілетін сайыстарға «Алыптар айқасы», «Сырғанақ тебу» сияқты атаулар берілді. Сонымен қатар, шаңғымен жүгіру және арқан тарту жарыстары да назардан тыс қалған жоқ. Оның алғашқысы болған сырғанақ тебу сайысына 11 команда қатысты. Солардың арасынан Қарағандыдан арнайы келген «Saryarqa Aqparat» ЖШС life09 командасы мен №1 орта мектеп спортшылары ширақтық көрсетіп бірінші орынды иеленді. Екінші және үшінші орындарға №44 орта мектеп пен жұмыспен қамту мекемелері көтерілді. «Алыптар айқасында» Д.Алиева, М.Иманбаева, А.Иманбаевалар, ерлер арасында Н.Жайсаңбаев, Д.Кулькин, Н.Құрманғалиевтер алдына жан салмай жарыс биігінен көрінді. Сайыстардың қорытындысына айналған арқан тартуда аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі командасына шақ келер ешкім болмады. Олардан сәл ғана осалдық танытқан «Казпошта» спортшылары жүлделі екінші және №44 орта мектеп ұжымы үшінші орындарды жеңіп алып, тұғыр биігіне шықты.

Жеңімпаздар мен сайыс кезеңінде белсенділік танытқан командалар аудандық спорт және денешынықтыру бөлімінің арнайы әзірлеген кубок, медальдарымен марапатталды. Қарлы қыстың бір күнін айтулы мерекеге айналдырған демеушілер – Олжас Қабжанов, Думан Бейсенаев.

Қарқаралы ауданы

● КӨРМЕ

Бояуы – қанық, идеясы – анық

Облыстық бейнелеу өнері музейінде суретші Изя Смирновтың «Мың күн тыныштық» атты жеке көрмесі ашылды. Қарағандылық қылқалам шебері туған қаласында алғаш рет төл туындыларын көпшілік назарына ұсынып отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Изя Смирнов сурет өнеріне кішкентай күнінен қызығып, өзін шыңдаған. Суретшінің айтуынша, көркем өнерге деген махаббатты оның бойына В.Малышев атындағы Қарағанды қаласының балалар көркемөнер мектебіндегі өнер тарихы пәнінен сабақ берген ұстазы дарытыпты. Мейірбан ұстаздың шәкірт қабілетін байқап, бағыт-бағдар бергені осындай үлкен өнерге жол ашып отыр. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, кейіпкеріміз әр нәрсенің басын бір шалмай, бар ынтасын осы салаға арнаған.

Изя Смирнов Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында театр сәні бағытында және Алматы мемлекеттік университетінде станоктік көркемсурет бойынша білім алып, қабілетін жетілдірген кәнігі маман. Оны біз көрмеге қойылған бояуы қанық, идеясы анық туындыларынан байқадық.

Сонымен қатар, Изя Алматы, Астана шаһарларында өткен көрмелерге бірнеше мәрте қатысып, тәжірибе жинақтаған, қаламы ысылып, қолтаңбасы қалыптасқан суретші.

«Мың күн тыныштық» жобасында пейзаж, портрет, натюрморт және абстрактілі көркемсурет жанрларында салынған 50 картина ұсынылды. Изя Смирнов көптеген эксперименттер жүргізіп, деректі реализм, экспрессионизм, постмодернизм, абстракция және кубизм стильдерінде сурет салып жүр.

Бұл – өнердің, қылқаламның құдіреті!

Көрме-экспозиция 12 ақпанға дейін жалғасады.

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Оңтүстіктен олжамен оралды

Шымкентте өткен үстел теннисінен «Shymkent Cup» кубогі өз мәресіне жетті. Әйелдер арасында жеке санатта ойнаған қарағандылық Зәуреш Ақашева I орын иеленді. Ал, ерлер сапындағы жеке санатта алматылық Дастан Кенжеғұловтың ресейлік Иван Никулинге қарсы кездесуі финалдың сәні болды.

Шешуші бесінші ойында Дастан 7:0 есебімен алға шығып, алтын медаль алатынына ешкім күмән келтірмеп еді. Алайда, Иван есеп еселеп, қарсыласын қуып жетті. Ақыры 11:8 есебімен жерлесімізді жеңді.

Десек те, Қарағанды теннис мектебінің түлегі Зәуреш Ақашева отандасымыз Сарвиноз Миркадированы жеңіп, жерлестердің мерейін өсірді. Оған оның жұптық кездесуде II орын алғанын қосыңыз.

● НЫСАНА КӨЗДЕУ

Мергендер мүлт кетпеді

Қазақстандық құрама Джакартада (Индонезия) өтіп жатқан винтовкамен нысана көздеуден әлем кубогында күміс жүлдегер атанды. Ел үмітін ақтамаққа барын салған 15 қазақстандық спортшы жерге қаратпады.

Еліміздің әйелдер құрамасы 10 метрден көздеген нысанды атуда мүлт кетпеді. Команда құрамындағы Александра Ле, Елизавета Безрукова, Анастасия Григорьева үштігі финалда Сингапур құрамасынан 17-15 есебімен басым түсті. Ерлер арасындағы сында да 10 метр қашықтықтан көзделген нысанға дәл тигізген Никита Шахторин, Константин Малиновский, Ислам Сәтбаев ел намысын барынша қорғап шықты.

Жалпы есепте Қазақстан құрамасы 1 алтын, 2 күміс және 1 қола жүлдемен жалпыкомандалық есепте II орын, яғни күміс жүлде иегері болды.

● ФОРУМ

Саф өнердің алтын сандығы

Қазақтың тағы бір қайталанбас шығармашылығы – қолөнер. Сан ғасыр сапырылысса да сарқылмаған саф өнер бүгінде бабалардан балаларға берілген. Қазақылықтың қаймағындай болған осынау бірегей өнерді қайта жаңғырту мақсатында һәм қолөнермен айналысатын ісмерлердің өнерін өрге домалату үшін Қарағанды қаласының Достық үйінде алғаш рет ҚХА жанынан құрылған Аналар кеңесінің қолдауымен «Ісмер» ұлттық қолөнер шеберлер клубының жетекшісі және жеке кәсіпкер Перизат Құлымбетованың ұйымдастыруымен «Қол өнері – қазақтың төл өнері» атты облыстық форум өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылдар бойына дамып қалыптасып келе жатқан қолөнер кешегі кеңестік дәуірде келтеленгені бар. Десек те, текемет-киіз басу, ер-тұрман, қазақы бас киімдер, тоқыма бұйымдар жасау үрдісі тоқтаған жоқ. Бүгінде байырғының ізімен жүн түтіп, ұршық иірген аналарымыз, қыз-келіншектеріміз баршылық. Тек олар жасаған бұйымдарды жарнамалар арна болмағаны қынжылтады. Қаламызда алғаш өткен осынау шараға 160-тан астам қолөнерші қатысуының өзі сөзімізге дәйек.

Жалпы қазақы қолөнер арқылы біз үлкен рухани эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қанат қағамыз. Өнер туындылары белгілі бір дәуірде өмір сүрген халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тарихи жазба іспеттес. Халықтың асқақ арманын, табиғат сұлулығын, ішкі жан сезімін өнер арқылы білдірген көшпенділер. Дәл осы өнер туындылары арқылы белгілі бір халықтың тарихын білуге болады.

Аталған форумға қоғам қайраткерлері, қолөнершілер, қала тұрғындары қатысып, көрмеге қойылған бұйымдарды тамашалады. Көрмеге іріктеліп алынған 40 қатысушының қолынан шыққан бұйымдар ішінде көпшілік көңілінен шыққан: Тойбастар, қыз жасауы, топы-тақия, төсек жапқыш, шапан, кәжекей, жеңсіз, сонымен қатар, тюрбан мен қазақы бас киім түрлері және тұсаукесер киімдері. Арасында тоқыма бұйымдар да көптеп кездесті. Әрқайсының өзіне тән ерекшелігі мен қазақы белгілері бар. Бірінің ою-өрнегі қиял ғажайыпты еске салса, енді бірінде қанатты пырақ пен қошқар мүйіз оюлары бар.

– Форумның басты мақсаты – ата-бабамыздан келе жатқан мәдени мұраны жаңғырту және сақтау, заман талабына сай этностильді дамыту және жас ұрпаққа үйрете отырып тәрбие беру. Сонымен қатар, Қарағанды облысының қолөнерін республикалық, әлемдік аренаға шығару және қолөнершілерді көбейту, – дейді ҚХА жанынан құрылған Аналар кеңесінің мүшесі Күліш Төлеуханқызы.

Бұл сында бақ сынасқандар қатарында Шет, Ақтоғай, Бұқар жырау, Осакаровка аудандары мен Қарағанды, Балқаш, Приозерск қалаларынан келген қолөнер шеберлері болды. Көрмеде ұсынылған үздік жұмыстардың 40-қа жуық авторы арнай сертификаттар және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

– Қазақылықты дәріптейтін, тәрбиеге бастар біздің ұлттық құндылық осындай көне кәсіптердің дамуында деп ойлаймын. Қолдау білдірген Аналар кеңесіне оның ішіндегі «Ісмер» ұлттық қолөнер шеберлер клубына алғысымыз шексіз. Үрдісіміз енді жыл сайын өтетіндей болып жалғасып тұрса тіпті жақсы болар еді, – деп өз ойын ортаға салды көрмеге «қыз жасауын» әкелген қарағандылық шебер Ақмарал Сәбитқызы.

Сондай-ақ, қолөнер шеберлері қонақтарға мүсін, тігін, зергерлік бұйымдар жасау бойынша шеберлік сабақтар өткізді.

Ал, «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының өкілдері форумға қатысушылар мен жас қолөнершілер үшін бизнесті қалай бастау, пайызсыз несие алу, өз бизнесін қалай іске асыру және дамыту туралы жан-жақты түсіндірді.

Форум соңы ҚР мәдениет қайраткері Меруеш Башайқызы мен ҚХА жанындағы «Ақниет» ансамблі, «Қарақат» мектеп студиясы оқушыларының қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Бағы мен бабы келіскен

Түркияда маунтинбайк велоспортынан өткен жарыста қазақстандық Алина Саркулова қос алтын алды. Ол алдымен T.Genclik атындағы сайысты жеңіспен қорытындылап, Kizilalan MTB Cup Alanya жарыс турнирінің де бас жүлдесін қанжығалап қайтты.

Велоспорттың бұл түрі біздің елге жат деуге мүлде келмейді. Себебі, дәл осы сыннан тағы бір отандасымыз Татьяна Генелева III орынды иеленді. Сонымен қатар, Татьяна Kizilalan MTB Cup Alanya турнирінің II орынын иеленді. Қазақстандық қос қарлығаш бұған дейін де ел абыройын асқақтатып жүрді. Алайда, дәл осы жеңіс қазақстандық велоспорттың дамуына демеу болары сөзсіз.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№13 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Сағыныш ӘБІЛ**